

3 Денсаулық – құндылықтың төресі



8 Мәдениет – елдіктің айнасы



Сыр бойы

№51 (21126) 9 сәуір, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТОЛАСТАМАЙДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде көмір өнеркәсібі мен генерациясын дамыту мәселесі қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін осы және өзге де мәселелерге орай жауапты сала басыларына нақты тапсырма жүктелді деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

«Мамырдың 1-не дейін алдағы жылу беру маусымына дайындық жөніндегі штабтарды құрып, тиісті іс-шаралар жоспарын бекіттіңіздер. Мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстары 25 тамызға дейін толық аяқталуы тиіс. Әлеуметтік нысандарға сұйық және қатты отынды келісімшартта көрсетілген бағамен уақытылы жеткізіп, жылу қазандықтарын сұйық отыннан табиғи газға ауыстыру керек. Жылу орталығының қазандықтарын, желілерді жөндеу мерзімі 1 қазанға дейін деп белгіленген. Алдағы жылу беру маусымына дайындыққа күнделікті мониторинг жүргізіп, жұмыстың сапасына баса мән беру қажет», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Айта кетейік, өңірде жылу беру маусымы штаттық режимде, кедергісіз өтті. «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы арқылы 124,8 мың тонна көмір жеткізілді. Ал алдағы жылу беру маусымына жалпы 111 мың тұрғындарға 93 мың, әлеуметтік нысандарға 18 мың тонна көмір қажет. Қазіргі уақытта елді мекендерді газдандыру қарқынды жүргізілуде. Өткен жылы 11 ауылдың тұрғындары табиғи газ тұтынуды бастаса, биыл тағы 10 ауылға «өгілдір отын» жеткізу жоспарланған.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қызылорда қаласында 240 мегаватт электр энергиясын және 277 гигакалория жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығы салынды. Жоба «Акса энерджи» түрік компаниясының 215 млрд теңге инвестициясына жүзеге асты. Бүгінде орталықтың 176 мегаватт электр энергиясын өндіру қуаттылығы пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының қолдауымен қуаттылығы 1100 мегаватт бу-газ қондырғысы салынады. Жобаны Urbacon Concessions Investments WLL компаниясы мен «Самұрық-Қазына» қорының бірлескен кәсіпорны жүзеге асырады. Қондырғыны 2029 жылы толық іске қосу жоспарланған.

«СБ» ақпарат



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ТӨРГЕ ОЗДЫРҒАН ТӨРТ ЖЫЛ

Біздің басылымда әр жылдың өз Наурызынан кейін өткен уақытқа өлшем жасап, елдегі еңбектің парқы мен нарқын сарапқа салатын игі үрдіс бар. Сол сараптың сүрлеуі осы жолы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың облыс әкімі қызметіне кіріскеніне төрт жыл толуымен тоғысып отыр.

Осы төрт жылда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр еліне үш мәрте жұмыс сапарымен келді. 2023 және 2025 жылдың тура қазан айларында аймақта болған Президент өңірдегі өрісі кең, өзгеше сипаттағы бетбұрысқа куә болды. Ал биыл жыл басында қазақ атауы қайтып, Алашқа алғашқы астана болған тарихи қалаға Құрылтай шақырылды.

Өрине, Президент сапарларының әрбірі аймақ өмірінде аса маңызды мәнге ие. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемел-

ұлының Сыр өңіріне деген айрықша ықыласы мен қолдауы – бүгінгі жеткен жетістіктер мен келешек мүмкіндіктердің басты дәнекері.

«Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Әйгілі күршіші Ыбырай Жақаевты халқымыз ерен еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді», – деді Президент Құрылтайдағы сөзінде. Сондай-ақ Мемлекет

басшысы өңірдегі бірқатар бастамаларға тоқталып өтті.

«Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады.

Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі» – деді.

Шын мәнінде, кейінгі төрт жыл өңірдегі тіршілікке қандай өң берді? Мысалы, облыс бюджетінің көлемі (2022 жылдың 1 сәуірі) 391,4 млрд теңгені құраса, 2026 жылдың сәйкес кезеңінде аймақ бюджеті 728,2 млрд теңге болды. Даму бюджетінің көлемі 2022 жылдың 1 сәуірінде 27,5 млрд теңге болса, 2026 жылдың сәйкес кезеңінде 79,6 млрд теңгені құрады.

Біз бүгінгі газет санында осындай деректерге дем беріп, басты-басты салаларды сөйлеткендей болдық. Бұл ретте Парламент депутаттары мен бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі азаматтар да төрт жылдың үлесіндегі өзгерістерге үн қосты. Оның жетісімен келесі беттерден таныса аласыздар.

Валюта бағамы \$ 460,37 kzt € 531,87 kzt ₸ 5,82 kzt

Ауа райы: Бейсенбі +21° +11° Жұма +24° +11°

Кейде уақыттың өзі сөйлейді. Артық сөзді қажет етпей, атқарылған істің салмағын, өзгерістің ауқымын, еңбектің нәтижесін үнсіз-ақ айқындап тұрады. Ондай сәтте құрғақ есептен гөрі елдің көңілі, жұрттың бағасы, көзбен көрген өзгеріс әлдеқайда шынайы өлшемге айналады.

Қызылорда облысында кейінгі төрт жылда қалыптасқан ахуал дәл осындай кезеңнің көрінісі. Бұл – жай ғана даму емес, бұл бағыттың айқындалуы, сенімнің нығаюы, ілгерілеудің жүйелі сипат алуы. Осы өзгерістердің қайнарында өңір тізгінін ұстаған Сырдың төл перзенті Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың басқарушылық ұстанымы мен елге қызмет етудегі табанды еңбегі жатқанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

СЫРҒА СЕРПІН СЫЙЛАҒАН

Төрт жыл бұрын, 7 сәуірде Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалып, Сыр жұртшылығы жаңа кезеңге үлкен үмітпен қадам басқан еді. Сол үміт бүгін нақты нәтижеге айналды. Өңірдің экономикалық тынысы кеңейіп, әлеуметтік келбеті жаңарып, халықтың ертеңге деген сенімі нығая түсті. Кейде тек жоспар ретінде айтылатын бастамалар бүгінде нақты іске асып, ел мерейін көріп отыр. Бұл дегеніміз – басқарудағы жүйеліліктің, сөз бен істің бір арнада тоғысуының айқын көрінісі.

Сараптап отырсақ, еліміз тәуелсіздік алып, әлемдік кеңістікке қадам басқан алғашқы жылдар Қазақстанның барлық өңірі үшін күрделі сынақ кезеңі болғаны анық. Сол сын сағатта Қызылорда облысын басқарған әкімдер де өтпелі дәуірдің ауырталығын еңсеріп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын тұрақтандыру жолында хал-қадірінше аянбай еңбек етті. Тәуелсіздік жылдарынан бері Сыр өңірін тоғыз әкім басқарса, бүгінде осы жауапты міндетті мерейлі оныншы әкім ретінде Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев абыроймен атқарып келеді.

Ел үшін аянбай еңбек еткен азаматқа халықтың ықыласы мен елдің ризашылығынан асқан баға жоқ, ал Мемлекет басшысының сенімі мен оң бағасы – сол еңбектің дұрыс бағытта екенінің айқын дәлелі әрі алдағы міндеттерді жүйелі түрде жүзеге асыруға күш-жігер беретін маңызды фактор. Осы тұрғыдан алғанда, Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың атқарған жұмысы Мемлекет басшысы тарапынан бірнеше мәрте жоғары бағаланып келеді. Атап айтқанда, 2023 жылғы 10 қазанда, 2025 жылғы 30 қазанда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қызылорда облысына жасаған жұмыс сапарларының барысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынына оң баға беріп, жұртшылықпен кездесуінде облыстың ілгері дамып келе жатқанына ерекше тоқталып отып, аймақ басшысының еңбегіне ризашылығын білдірді. Бұл қолдау 2026 жылғы 20 қаңтарда Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайда да өз жалғасын тауып, Президентіміз Сыр өңірін кейінгі жылдары заман талабына сай өсіп-өркендеп келе жатқанын, ішкі жалпы өнімнің 6,5 пайызға артқанын, үш жыл ішінде өңірге 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылып, бірқатар ірі жобаның жүзеге асқанына тоқталды. Әсіресе, стратегиялық маңызы бар жаңа жылу-электр орталығының іске қосылуы, халықтың сапалы ауызсумен толық қамтылуы, газдандыру денгейінің артуы, автожол, әуе және теміржол инфрақұрылымының жаңғыртылуы, «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы мен теміржол вокзалының жаңаруы, сондай-ақ 200-ден астам білім, мәдениет, спорт және медицина нысандарының салынуы өңірдің жан-жақты дамуының нақты көрінісі ретінде бағаланды. Нәтижесінде, Мемлекет басшысы Қызылорда облысының барлық салада қарқынды дамып келе жатқанын атап отып, осы жетістіктерді Нұрлыбек Машбекұлының белсенді әрі табанды жұмысының жемісі ретінде жоғары бағалады.

Аймақ басшысының Президентіміздің тапсырмасына сәйкес, Үкіметтің қолдауымен атқарған ауқымды еңбегін тарата айттып, әр саланы жеке-жеке талдап шығу бұл жазбаның көлеміне сыймас анық, дегенмен нақты нәтиженің айқын көрінісі ретінде бір ғана облыс бюджетінің өсіміне назар аударсақ та жеткілікті. Нұрлыбек Машбекұлы қызметке кіріскен тұста, яғни 2022 жылдың сәуірінде облыс бюджеті 391,4 млрд теңгені құраса, 2023 жылы осы көрсеткіш 609 млрд теңгеге, 2024 жылы 749,3 млрд теңгеге, 2025 жылы 809,1 млрд теңгеге дейін ұлғайып, ал 2026 жылдың сәйкес кезеңінде 728,2 млрд теңгені құрап отыр, сәйкесінше 2022 жылмен салыстырғанда өсім 2023 жылы 155, 2024 жылы 191, 2025 жылы 206, ал 2026 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша 186 пайызды көрсетіп отыр. Бұл – жай ғана сандар тізбегі емес, оның әрбіріннің әр жағында өңірдің өркендеуіне бағытталған мемлекеттің жүйелі саясаты, тынымсыз еңбек пен нақты нәтижеге негізделген басқарушылық шешімдер тұрғанының айқын дәлелі.

Қазіргі уақытта өңірде барлық сала бойынша жүзеге асырылып жатқан жобалар мен құрылыс жұмыстары аз емес, дегенмен олардың ішінен 2026 жылы іске асырылатын ең маңызды бастамаларға тоқтала кеткен жөн болар. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Үкіметтің қолдауымен өңірде соңғы жылдары бірқатар маңызды нысандар салынды және жаңа жобалар жүзеге асуда. Осы ретте, Президентіміздің аймағымызға Ұлттық Құрылтайда келген сапарында Қызылорда қаласынан Президенттік кітапхана ашу, жаңа драма театр мен 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салу, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің «Қызылорда-Ақтөбе» арасын төрт жолақты етіп кеңейту, сондай-ақ «Бейнеу-Сексеуіл» жолының құрылысын бастауды тапсырды.

Бүгінде Мемлекет басшысының ел әлеуетін арттыруға бағытталған бастамаларын облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев аймақта ұтымды үйлестіріп, өңірдің іскер азаматтарын маңызды жобалар аясындағы құрылыс жұмыстарын мерзімінен кешіктірмей сапалы жүргізуге жұмылдыруда, аталған істер өз кезегінде өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуына тын серпін беретіні сөзсіз.

Әрине, мұндай өзгерістердің бәрі бір ғана көрсеткішпен өлшенбейді. Оның негізінде басқару мәдениеті, талапшылдық, жауапкершілік және ең бастысы халықпен сенімге құрылған ашық диалог жатыр. Нұрлыбек Машбекұлының жұмыс стиліндегі осы ерекшелік өңір дамуының басты қозғаушы күшіне айналып отыр. Халық даналығында «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» – дейді. Бүгінгі Сыр өңіріндегі оң өзгерістер соны айтуға тұрарлық нағыз жетістік. Бұл бір адамның емес, тұтас елдің бірлескен еңбегі, бірақ сол еңбекті үйлестіре білген басшының орны әрқашан айрықша.

Қорыта айтқанда, төрт жыл – қалыптасу кезеңі емес, нәтижені көрсеткен, сенімді нығайтқан, бағытты айқындаған уақыт. Бұл кезең Сыр өңірін жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, оның болашақ дамуына мызғымас, өшпес негіз қалап берді.

Алдағы уақытта да осы даму қарқыны сақталып, ел сеніп, үміт артқан Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың бастауымен Қызылорда облысы жаңа белестерді бағындырып, бұдан да биік жетістіктерге жететініне жерлестеріміз көміл сенеді.

Сырда серек істер, халықшыл бастамалар көп болсын!

Руслан РҮСТЕМОВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты



Сыр елі – тарихи терең, тынысы кең, әр перзентінің жүрегінде туған жеріне адал қызмет етуге өнеге қалдыратын өңір. Мұнда туған әр азамат үшін өз туған жерін дамыту – тек міндет емес, бұл сезіммен атқарылатын парыз. Сол парыз жолында еңбек еткен Сырдың төл перзенті Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың басқарушылық тәжірибесі – туған жерге адалдықтың, халыққа қызмет етудің айқын көрінісі.

НАҚТЫ ІС ПЕН ӨЗГЕРІС

Қазір қонақ та, осында келген әріптес те Сыр өңірін тынысы кеңіп, келбеті жаңарғанын көріп таңдай қағады. Аз уақыт ішінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық өмірі өзгерді. Әр саладағы жаңа бастамалар – тек қағаз жүзінде емес, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты іс. «Ел іші – алтын кеніш» дегендей, халықтың сенімі мен ықыласы – әкім үшін ең басты өлшем болды.

Бүгінгі Қызылорда облысы келбетіне көз жүгіртсек, өңірімізде кездесісөк жетістік жоқ екенін анық аңғарамыз. Әрбір оң өзгерістің артында жүйелі жоспар, табанды еңбек және жауапкершілікке негізделген басқару мәдениеті жатыр.

Сыр елі туралы айтылған жылы пікірлерді жиі естиміз. Мұның барлығы – уақытпен дәлелденген, жүйелі жүргізілген жұмыстың жемісі. Аз ғана мерзім ішінде аймақтың даму қарқыны үдеп, көптеген салада тын серпін қалыптасты.

Ең алдымен, өңір экономикасының тірегі саналатын бюджет көлеміне назар аударсақ, соңғы төрт жылда 2,5 есе өсті. Бұл өңірдің қаржылық әлеуеті нығайып, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды кең көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік алғанының айғағы.

Инвестиция тарту бағытында да нақты нәтижелер бар. Соңғы үш жыл ішінде өңірге 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылып, ірі өндірістік және инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Нәтижесінде жаңа жұмыс орындары құрылып, экономиканың әр саласында қозғалыс пайда болды. Ал аймағымызға шетелдік және басқа көздер арқылы алдағы жылдары 3 трлн теңгеден астам қаражат тарту жоспарланып отыр. Қаржылық мүмкіндіктер әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды кең көлемде жүзеге асыруға жол ашады.

Әлеуметтік саладағы оң өзгерістер де ерекше назар аудартады. Екі жүзден астам білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандары бой көтерді. Жаңа мектептер мен заманауи медициналық мекемелер тұрғындардың тұрмыс сапасын арттырып, болашақ ұрпаққа жасалған маңызды инвестиция екенін көрсетеді. 500 орындық емхана мен 200 орындық перзентхана – халық денсаулығына, әсіресе ана мен баланың өміріне жасалған стратегиялық кадам. Жаңа инфрақұрылымдық жобалар – жылу-электр орталығы, сапалы ауызсу және газбен қамту – тұрғындардың күнделікті өмірін жақсартуға бағытталған нақты әрекеттер.

Қала мен ауылдың сәулеттік келбеті жаңарды. Жолдар жөнделіп, жаңа ғимараттар бой көтерді. «Жолың болса – жерің кең» дегендей, транспорттық

инфрақұрылымды жаңарту, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізін кеңейту, әуежай мен теміржол вокзалын жаңарту өңірдің экономикалық әлеуетін арттырды.

Тағы ең маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірегейі – «Қызылорда-Ақтөбе» халықаралық автожолын жаңғыртуға 1 трлн теңге, сонымен қатар «Бейнеу-Сексеуіл» бағытындағы жаңа жолға 500 млрд теңге бөлінді. БШЖ газ құбырының 2 желісі 1 трлн теңге, Бу-газ электрстанциясы (Қатар инвестициясы арқылы) 800 млрд теңгеден асады. Мұның артында көзге көрінбейтін қаншама еңбек, көптеген келіссөз жатыр.

Нұрлыбек Машбекұлының басқару жүйесі – тиімділік пен жауапкершілікке негізделген. 24 басқарма 16-ға қысқартылып, бағытталған құрылымдар біріктірілді. Мұндай шешім қабылдау жылдамдығын арттырып, нәтижеге қол жеткізудің кепілі болды. «Біздің кеңесшіміз – халық» деген ұстаным ашық диалогті қамтамасыз етіп, әлеуметтік шиеленістерді болдырмай, халық пен билік арасындағы сенімді нығайтты.

Қызылорда қазір нағыз үлкен құрылыс алаңына айналып, әр іргесі жаңалық пен дамуға толы. Тұрғын үй құрылысы қарқынды жүріп, сапалы баспана мәселесі шешілуде. Құрылыс сапасына қойылған қатаң талаптар тұрғындардың сенімін нығайтып, әр жобада жүйелілік пен талапшылдық бар екенін көрсетті. Айта берсек, тын бастама, оң өзгеріс көп.

Мемлекет басшысының қолдауы да – аймақ басшысының еңбегінің айқын көрінісі. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өңірдің даму қарқынын бірнеше мәрте жоғары бағалап, Сыр өңірінің жүйелі дамып келе жатқанын атап өтті.

Қорытындылай келе, төрт жыл – тек уақыт өлшемі емес, нақты нәтиже мен сенімді нығайтқан кезең. Нұрлыбек Машбекұлының табанды еңбегі Сыр өңірін жаңа деңгейге көтеріп, әр саладағы жетістіктер арқылы халық өмірінің сапасын арттырды. Оның басқару стилі – ашық, талапшыл, жүйелі. Бұл – тек өкімнің еңбегі емес, туған жерге адал қызметтің жарқын үлгісі.

Бүгінде Сырдың әр қиырында өркендеген өмір көрінеді. Бастысы, елдің жүрегі тыныш, тұрғындары қуанышты болсын. Әр отбасы бақытқа кенелсін, әр бала білімге ұмтылсын, әр ауыл мен қала гүлденсін. Туған жердің әр күні – жаңа мүмкіндік, серпін мен мерейге толы болсын!

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

ҚЫРУАР ЕҢБЕКТИҢ ҚАЙТАРЫМЫ

Сыр өңірінің дамуына серпін берген Нұрлыбек Машбекұлының туған жерге ту тігіп, басшылық тізгінін қолға алғанына тура төрт жыл толып отыр. Тарих таразысына салғанда, бұл – қас-қағым сәт. Ал ел тағдырын арқалаған басшы үшін үлкен сын, зор жауапкершілік, тынымсыз еңбекке толы кезең.

Құрылысшы ретінде мені өңірде құрылыс саласының өркен жайғаны қуантады. Өйткені экономиканың негізгі драйвері саналатын саланың серпінді дамуы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Өңірде білім беру, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет инфрақұрылымын дамытуға, халықты тұрғын үймен қамтуға басымдық беріліп отыр. Әлбетте, бұл бағыттағы жұмыстар азаматтардың тұрмысына тікелей әсер етеді. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының білім саласына қолдауы ерекше. Жастардың ештеңеге алаңдамай, білім-ғылыммен айналысуына толық жағдай жасалған. Жап-жаңа ғимараттағы балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы жас өрендердің өнерге, ғылымға, технологияға қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін шыңдауға мүмкіндік береді. Ал жұырда қаламызға таңғайып көрік берген, заманауи сәулетпен ерекшеленетін «Қызыр-етілік орталығы» ашылып, бүгінде ол бизнес, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған ортақ алаңға айналды. Орталық қызметі жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеріп, қоғамда еңбек адамдарын танымал етуге, дәрежесін көтеруге, ең үздік қоғамдық және өндірістік дәстүрлерді дәріптеуге, жастарды кәсіби еңбекке баулуға бағытталған. Қызылорда облысында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 391 млн теңгеге 10 жаңа мектеп салынды. Мемлекет басшысы «Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек» деп атап өткен болатын. Ұлттық жобаның негізгі мақсаты – осы, ауылдың, қаланың баласы деп бөлмей, оларға тең жағдай жасау. Мұнда балаларға тек білім беріп қана қоймай, болашақта өмірде қажет болатын дағдыларды да үйретеді.

Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп келеді. Инфрақұрылым жаңарып, экономика мен әлеуметтік сала жаңғырды. Төрт жылда аймақта 200-ден астам әлеуметтік нысан салынды. Былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтыр 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Бұл өңір халқын жұмыспен қамтуға, жергілікті өнім шығаруға ықпал етеді. Халықтың тілегіне сай инвестиция есебін өндіріс орындары салынып, өндірістің тамырына қан жүгірді.

Бұл – аз уақыттың ішінде атқарылған ауқымды істердің бір бөлігі ғана. Нұрлыбек Машбекұлының басқару стиліне тән нақты нәтиже мен жүйелі жұмыс Қызылорданың даму қарқынын айқын көрсетіп отыр. Мемлекет басшысы да Сыр еліне жұмыс сапарымен келгенде облыстың дамуын оң бағалады. Мұның артында Нұрлыбек Машбекұлының талапты да тереурінде басшылығымен атқарылған қиуар еңбек, елдің ауызбірлігі мен іскер азаматтардың қолдауы тұрғанын ұмытпауға тиіспіз.

Мұрат ТЛЕУМБЕТОВ,
облыстық мәслихат төрағасы

«БЕЙНЕУ-ШЫМКЕНТ» ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ 2-ШІ ЖЕЛІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ САЛЫНАДЫ



ЖОБА ҚҰНЫ

3 трлн.тг.

БАСТАЛУ МЕРЗІМІ | 2025 жыл

АЯҚТАЛУ МЕРЗІМІ | 2028 жыл

АДАМ КАПИТАЛЫ АЙРЫҚША МӘНГЕ ИЕ



Осыдан тура төрт жыл бұрын Президент Жарлығымен өңір басшысы болып Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев тағайындалды. Облыс әкімі ретінде келген күннен «осы өңірдің перзенті ретінде оның болашағы мен дамуына қалай үлес қоса аламын?» деген ойын жетегінде жүрді. Алдына үлкен мақсаттар қойды. Өйткені, адам үлкен мақсаттардың жолында жүргендіктен үлкен істерді атқара алады. Биік мақсатшыл адам ғана биік шыңдарға көз тігу арқылы жоғары орлейді, жұртты сонынан ерте алады. Оған талпыну арқылы өз өмірін баянды етуге күш салады. Және ол адамның өз шамасын нақты білуі шарт. Қазақ айтқандай, «көтере алмас шоқпарды белге байла-мас» болар. Оның кейбір идеяларын қиял ғой деп көретін жағдайда да болды. Кейбір мәселелерді армандауды да қоя бастағанбыз. Дегенмен, облыс әкімі ретінде әрбір нәтиже – басылдығынәтиже байланысты екенін дәлелдеді. Яғни, сол кезде шынайы нәтижені болашағымыздың мәнді болуына күш салды. Болашақтың мәні келешек ұрпақ алдындағы жоғары жауапкершілікті сезіне отырып, ең басты байлығымыз – адам капиталына басымдық берді.

Адам капиталы – адамның білімі, дағдылары, тәжірибесі мен денсаулығы арқылы экономикалық өсуге жетелейтін басты фактор. Бұның барлығының негізі жас кезде қаланады. Бұл құндылықтар туралы он түсініктер жас кезде қалыптаспа, онда өмір бойы ол адамның өз мүмкіндігі туралы ұстанымы да дұрыс бола қоймайды. 2022-2026 жылдар аралығында адам капиталын дамыту

бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғанына баршамыз куәміз. Алдымен, бұл бағытта терең сараптама жасалып, қаржы көздері тексеріліп, заңсыздықтардың жолы кесіліп, үнемделген қаржылар барша адамдардың игілігі үшін қайта жұмсалуда.

Содан бері өңірімізде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен адам капиталының басты көрсеткіші – білім саласында ауқымды жобалар мен тың бастамалар іске асып келеді. Білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн 159 млрд теңге бөлінді. Биыл 302 млрд 196 млн теңге қаралды.

2022 жылдан бері өңірімізде жаңа заманауи 43 білім беру нысаны салынды. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 391 млн теңгеге 10 жаңа мектеп салынды. Ерекше бір айта кететін, жай мектептің қаржысына «келешек мектептің» үлгісінде мектеп салу болды. Онымен оқу-ағарту министрі арнайы келіп танысып, республикаға тарататын болды.

2023 жылдан бастап 5 млрд 700 млн теңгеге 9 мектеп жанынан қосымша ғимарат салып, үш ауысымдық оқу түбегейлі шешілді.

«Білімді қолдау қоры» арқылы 8 млрд 400 млн теңгеге физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты мен 2 млрд 333 млн теңгеге Арал ауданы Мергенсай елді мекенінен 150 орындық жаңа мектеп пайдалануға берілді.

ҚЫЗЫЛОРДА БІЛІМ ГРАНТЫН ИЕЛЕНУДЕ БІРІНШІ ОРЫНДА

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында айрықша орын алатын іргелі саланың бірі – білім саласы. Оның айқын көрінісі, облыс бюджетінің 60 пайызы осы салаға бағытталды. Өйткені бүгінгі жас ұрпақтың сапалы білім алуына жасалған жағдай – болашаққа салынған инвестиция деп бағалауымыз керек.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен білім саласын дамытуға ерекше көңіл бөлініп, жас ұрпақтың заман талабына сай жан-жақты білім алуына бағытталған бірқатар маңызды құрылыс салынды. Нақтырақ айтсақ, облыста 2022-2025 жылдары 42 білім нысаны пайдалануға берілген.

Айталық, 2022 жылдың өзінде 8 нысан: 1100 орындық 3 мектеп, 300 орындық дарынды балаларға арналған 2 мектеп-интернат, 230 орындық 2 балабақша, 250 орындық 1 қосымша білім беру ұйымы жұмысын бастаса, 2023 жылы 850 орындық 2 мектеп пен 1850 орындық 4 мектепке қосымша ғимарат құрылысы табысталды.

Сала бойынша қарқынды құрылыстар жүргізілген 2024 жылы 13 нысан бой көтерген екен. Оның қатарында 960 орындық 6 мектеп, 5 мектепке қосымша ғимарат, Қызылорда қаласындағы 350 орындық «Оқушылар сарайы» мен Жаңақорған ауданындағы 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» ел игілігіне берілді.

Өткен жылы 550 орындық 2 мектеп бой көтергеніміз білеміз. Оның бірі – «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласының сол жағалауынан бой көтерген 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық облыстық физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернат. Мұнда білім беру әдісі мемлекеттік стандартқа сай, айырмашылығы – жаратылыстану пәндерінің барлығы ағылшын тілінде оқытылады. Бүгінде білім беру ұйымында 8 сынып бойынша 200 бала бар, оларды 24 педагог оқытуда.

Білім саласындағы тағы бір айрықша атап өтуге лайықты нысан: қаланың көрнекті жерінен бой көтерген қуны 11 млрд теңгеге құрайтын 500 орындық «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясы. Мемлекет басшысы өңірге келген сапарында заманауи талаптарға сай қызмет көрсететін шығармашылық академиясында болып, жас ұрпақтың жарқын болашағына бағытталған байыпты жұмысқа он бағасын берді.

Бытырғы жылы сол жағалауда пайдалануға берілген Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжі ғимараты да ерекше көз тартатын сәулетті архитектуралық туындылардың бірі. Бұдан бөлек, Шиелі ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» пайдалануға берілді. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы бойынша 6900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, бүгінде оқушыларға білім беруде. Айта кетейік, салада қолға алынған қарқынды құрылыстармен қатар 2022 жылдан бері 21 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілсе, 9 мектептің жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, нәтижесінде үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

2022-2025 жылдары «Қазақстан халқына» қоры арқылы ауылдық жерлердегі ресурстық орталықтар ретінде 2 млрд теңгеге 8 мектеп интерактивті және заманауи оқу кабинеттерімен қайта жабдықталды. Бүгінгі күні аталған қор арқылы облыс көлеміндегі 58, оның ішінде 8 шағын жинақты мектепті физика, химия, биология пәндік кабинеттерімен жабдықтау жұмыстары жүргізілді.

Білім саласына деген осындай қолдаудың нәтижесінде Ұлттық біріншілік тәстілеуде аймақ түлектері республикада екі жыл қатарынан үздік атанып, ЖОО-ға бөлінген мемлекеттік грантты иемдену бойынша да республикада бірінші орынға шықты. Бұдан бөлек, WorldSkills Kazakhstan–X республикалық чемпионатында қызылордалық жастар 1 күміс, 5 қола медаль және 5 үздік маман медальонын иеленді. Сондай-ақ «Математикалық регата - 2025» республикалық байқауында облыс командасы бірінші орынды жеңіп алды.

Осы кезеңде аймақ ұстаздары да «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері», «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі», «Экологиялық білім берудің үздік ұйымы», «Үздік авторлық бағдарлама», «Дарынды балаларға – талантты ұстаз», «Педагогикалық идеялар фестивалі», «Математикалық регата», «Үздік педагог - 2025» аталымдары бойынша республикалық конкурстарда абырой биігінен көрінді.

Газиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Демеушілер есебінен Арал ауданы Токабай ауылындағы апаттық мектептің орнына қуны 500 млн теңге болатын жаңадан білім ордасы салынып, тұрғындар шексіз алғысын білдірді.

2022-2024 жылдары 5 млрд 300 млн теңгеге 15 мектептің ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға 2 млрд 700 млн теңге бөлініп, 317 пәндік кабинеттер жаңартылды.

Президентіміздің тікелей бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен аймағымызда 16 млрд 851 млн теңгеге әлеуметтік маңызды жобалар жүзеге асты. Оның ішінде өңіріміздің білім беру саласын қолдау, ауыл мектептерінің базасын нығайту мақсатында 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді (5 млрд 89 млн теңге).

Балалардың қосымша білім беру жүйесін дамытуға айрықша мән берілді. 11 млрд теңгеге балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» академиясы, 3 млрд теңгеден астам қаржыға Жалағаш, Жаңақорған, Шиелі аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер» мектептері салынды. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында 2 млрд 500 млн теңгеге заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» ашылды. 4 млрд 800 млн теңгеге музыкалық колледждің жаңа оқу ғимараты мен жатақханасы салынып, ел игілігіне табысталды.

Президент саябағында 10 млрд теңгеге үздіксіз жұмыс жасайтын 300 орындық заманауи балалар тынығу лагерінің құрылысы аяқталуға жақын. Саябақта 5 млрд теңгеге Ботаникалық білім беру орталығының да (қысқы бақ) ғимараты салынууда.

Республика бойынша алғаш рет «Құзыреттілік орталығы» бой көтерді. Орталық бизнес пен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған жастардың жұмысшы кәсібіне деген қызығушылығын арттыру жөніндегі бірінші жаттығу базасына айналды.

Нұрлыбек Машбекұлы Жоғары білімді мамандар даярлау ісіне көңіл бөліп келеді. 2023 жылы аймақ басшысы облыстың делегациясын бастап Оңтүстік Кореяға барып, Кореяның СеулТех ұлттық университетімен білім, ғылым саласында тымді байланыстар орнаталды. Нәтижесінде Қорқыт ата университетінде Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен (SeoulTech) бірлесіп, Қазақстандағы алғашқы Жасанды интеллект институты ашылды.

Қорыта айтқанда, облыс басшысының тек бір ғана білім саласына деген ниетінің нәтижесі жұрттың ертеңге деген сенімін арттыруда. Осындайда кезінде Демокриттің «Адамды оның істеген істеріне ғана қарап емес, сонымен бірге ізгілікке ұмтылған ниетіне де қарай бағалау керек» деген сөзімен әбден келісеміз. Бұдан әрі де әрқайсысымыз жасалғанын қадір тұсініп, онтайлы пайдаланып, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бірлесіп ел дамуына үлес қосу арқылы, жаңа белестерді игере беруге тиіспіз.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
Қорқыт ата университетінің басқарма төрағасы-ректоры

Кейінгі төрт жылда Сыр медицинасы тың серпінімен дамуда. Оған бірінен соң бірі салынып, ел игілігіне беріліп жатқан заманауи денсаулық сақтау нысандары мен алынып жатқан озық технологиялық құрал-жабдықтар, жасалып жатқан күрделі оталар қуа.

Кейінгі 10 жылда 116 нысанның құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Оның ішінде, 2023-2025 жылдар аралығында 29 млрд 512 млн теңгеге 42 медициналық нысан салынып, тұрғындарға қызмет көрсетуде.

ДЕНСАУЛЫҚ – ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ТӨРЕСІ



Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы өңірде қарқынды жүзеге асуда. Ұлттық жоба аясында жалпы қуны 10,7 млрд теңгеге құрайтын 28 денсаулық сақтау нысаны пайдалануға беріліп, халық игілігін көруде. Осылайша, 46 мыңнан астам ауыл тұрғыны медициналық көмекке уақытылы қолжетімділік пен 190 төсек-орын күндізгі стационарларда ем алады.

Кейінгі төрт жылда 6 млрд теңгеге 24 нысанға күрделі жөндеу жүргізілсе, 1 млрд 200 млн теңгеге 44 денсаулық сақтау нысанының жылу жүйесі газға ауыстырылды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ғимараттардың тозуы 74,4 пайыздан 36,6 пайызға төмендеді.

Өңіріміздің денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жақсартуға да баса назар аударылуда. Кейінгі төрт жылда денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 16 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды, оның ішінде КТ, МРТ, ангиограф сияқты ауыр техникалар бар. Аудандық ауруханалар КТ аппаратымен толығымен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде медициналық құрал-жабдықтармен жарақтандырылу деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыздан бүгінде 90,2 пайызға жоғарылады.

Медицина ұйымдарының санитарлық автокөлік паркінің тозуы 85 пайызды құрап, өзекті мәселе болатын. Осы мәселені шешу үшін аймақ басшысының қолдауымен жергілікті бюджеттен бір мезетте 5,4 млрд теңге бөлініп, өңірдегі барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 225 санитарлық автокөлік алынып, медицина ұйымдарының автопаркі толығымен жаңартылды. Осылайша, елді мекендерде санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі түбегейлі шешілді.

Жаңақорған, Арал аудандарында «Қамқорлық» балалар оңалту орталығы ашылды. Облыстық көпбейінді балалар ауруханасының жанынан «Қамқорлық» ерте араласу оңалту орталығы пайдалануға берілді.

Мемлекет басшысының қолдауымен қаланың сол жағалауында 100 келушіге арналған емханасы жаңа онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық

көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүруде. Жоба қуны – 36,4 млрд теңге. Нысан биыл пайдалануға беріледі.

Биыл Президент паркі жанынан 200 төсек-орынға арналған жаңа перинаталдық орталықтың, Сырдария өзенінің сол жағалауынан 500 келушіге арналған емхананың және Титов қыстағынан ауысымына 400 келушіге арналған № 5 қалалық емхана құрылыстарының іргетасы қаланды.

Салаға жасалып жатқан осындай қамқорлық текке кетпеді. Кейінгі жылдары аймақта жоғары технологиялық медициналық қызмет көлемі артып келеді. Мәселен, бытыр Тоуелсіздік күні қарсаңында Сыр медицинасының тарихында тұңғыш рет бір күнде үш науқастың ағзасы ауыстырылды. Алғашқы трансплантация 41 жастағы әйел адамға жасалды. Рецидивтің ағасы донор болып, бүйрегі берді. Екінші трансплантация 20 жастағы жігітке жасалып, донор ретінде науқастың 54 жастағы анасы қатысты. Ал үшінші пациент – 43 жастағы әйел, донор болған оның жұбайы. Трансплантацияны көпбейінді облыстық аурухананың бас дәрігері, трансплантолог, PhD Жасұлан Баймаханов, бас дәрігердің хирургия жөніндегі орынбасары, PhD Ербол Серікұлы және А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының трансплантологтары Ернұр Белгібаев, Елшат Нәбиев командасымен бірлесіп жасалды.

Айта кету керек, оған дейін ауруханада 8 рет бүйрек, 1 рет бауыр алмастыру отасы сәтті атқалды.

Мемлекет басшысының Жолдауында айтылғандай, еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орынқты дамиды.

Облыстың денсаулық сақтау саласындағы ауқымды жұмыстар – тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін жасалып жатқан игі бастамалар.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

БІЗДІҢ ТІЛЕК – БЕРЕКЕ-БІРЛІК

Президент Жарлығымен Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтің облыс әкімі қызметіне кіркеніне төрт жыл толып отыр. Төрт жылда Сыр өңірі республикаға танымал облыс болды. Барлық салада ауқымды жұмыстар атқарылды. Құрылыс, әлеуметтік, мәдениет, спорт, жалпы барлық салада қарқынды тіріліктер жасалды. Бұл, әрине, ең алдымен Президенттің елге деген ерекше қолдауы, екіншіден, сол қолдауды ұтымды ұйымдастыра білген аймақ басшысының іскерлігі, табанды еңбегінің жемісі деп айта аламыз.

Мемлекет басшысы үлкен сенім артып, әкім болып тағайындалғаннан кейін Нұрлыбек Машбекұлының ең алғашқы қаламы Қорқыт бабаның басына ел ағаларын, зиялы қауым өкілдерін жинап, батасын алған еді. «Жаңбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер» демекші, бүгінгі күні абыройлы қызмет етуде. Осы төрт жылда Президент Сыр еліне үш рет келді. Атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

Бұрынғы Қызылорда десе, басқа өңірдің азаматтары онша мән бермейтін еді. Кейінгі жылдары көзқарас мүлде өзгерді. Оның бір дәлелі, бытыр ардагерлер ұйымдарының көпшілігі отырысы біздің облыста өтті. Сонда жан-жақтан келген делегаттар аймақта атқарылған тіріліктерді көріп, танданыстарын жасырмады және оны өз елдеріне айтып барған көрінеді. Сол шараға Нұрлыбек Машбекұлы бастан-аяқ қатысты. Бұған жан-жақтан келген өкілдер риза болды.

Нұрлыбек Машбекұлының бойынан мынадай ерекше қасиеттерді байқаймын. Біріншіден, есте сақтау қабілеті өте жоғары. Екіншіден, келешекті болжай алатын көрегенділік бар. Ол ананың ақ сүтімен бойынша біткен қасиет деп ойлаймын. Үшіншіден, қазақы сап-дәстүрге өте қатты мән беретіні. Жоғарыда айтып өткенімдей, қызметіне кіріспес бұрын ақсақалдардың батасын алуы – бір көрінісі.

Аймақта атқарылып жатқан жұмыстар өте көп. Соның бірі көптің көкейінде көптен жүрген ыстық су мәселесі еді. Еліміздің екі облысында ғана ыстық су жоқ екен. Соны Мемлекет басшысының алдында көтеріп, бүгінде мәселе шешілді. Одан бөлек, «Қызылорда-Ақтөбе» екі жолақты жолын төрт жолақтыға ауыстыру мәселесін көтеріп, Президентіміз оны қолдап, құрылысы басталды.

Облыс орталығындағы әуе, теміржол және автожол қақпасы орнатылды. Теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтіп, заманауи әуежай халық игілігіне берілді. Міне, осындай үлкен жұмыстар атқарылды. Мұның бір шамасы бюджет қаражатынан жасалған жоқ, инвесторлардың көмегімен атқарылды. Инвестор тарту оңай шаруа емес, оған әкімнің беделінің, іскерлігінің, азаматтармен сыйластығының арқасында қол жеткізілді. Инвесторлық қаржысының нәтижесінде «Достық үйі» салынды, орталық аял күрделі жөндеуден өткізілді, айта берсек көп. Осының барлығы үлкен еңбектің нәтижесі деп білеміз.

Осы төрт жылда облыс әкімінің «мен демалысқа кеттім» дегенін естігеніміз жоқ. Тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді. Оны көзіміз көріп жүр.

Әр біткен істе, яғни, жана нысанның ашылу сәтінде, іргетасы қаланатын құрылыста ардагерлерді қалдырмай, игі шараның басында болуды қамтамасыз етіп жүреді.

Осы төрт жылда облыс тұрғындары 350-ден аса мемлекеттік марапатқа ие болды. Соның елу пайызға жуығы елге еңбегі сіңген ардагерлерге берілді. Әрине, ел басқарған мерейлі жасқа толған ардагерлерді ардақтап, қабылдау өткізіп, мерейтойымен құттықтауды дәстүрге айналдырғаны қуантады. Бұл кейінгі жастарға үлгі-өнеге деп ойлаймын.

Құрылыс, мәдениет, спорт саласында да ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктер баршылық. Бытыр ашылып, көптің көзі жолына айналған 11 мың орындық стадионның өзі не тұрады?! «Қызылорда Арена» құрылысы бітуге айнап. Келген қонақтардың көзайымына айналған өлке-тану музейі қандай?! Айта берсек ел игілігі жолында жасалған жұмыстар, атқарылған шаруалар, тыңдырылған тіріліктер өте көп.

Біздің ағалық тілегіміз елдің амандығы, береке-бірлігі. Сол жолдағы игілікті ұйыстырып, келешекке үлкен олжа салып отырған ел азаматтарына қашанда абырой берейі.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кенесінің төрағасы

«АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ



ЖОБА ҚҰНЫ 12 млрд. 975 млн. тг.

2023-2024 ЖЫЛДАРЫ 29 ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Экономиканың сүйенетін негізгі тағаны инвестиция екені, ол үшін бүкіл әлемде күрес, бәсеке жүріп жатқаны белгілі. Мұндайда кез келген мемлекет инвестициялық ахуалдың тұрақтылығына, сырттан келіп қаржы құятын компанияларға қолайлы жағдай жасауға жете мән береді. Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттердің бірі – аймақ экономикасына отандық және шетелдік инвестиция тарту.

/// ПІКІР-ПАЙЫМ

ЖАСЫЛ ДА ТАЗА ҚАЛА – ОРТАҚ ИГІЛІК

Қызылорда қаласы кейінгі жылдары адам танымастай өзгерді. Ескіріп тозығы жеткен, негізгі көшелердің көркін бұзған көпқабатты үйлердің барлығы дерлік заманауи материалдармен қапталды. Сәулеті көз тартатын әлеуметтік нысандар салынды. Көшелердің көпшілігі жаңадан асфальтталды. Жаяу жүргінші жолдары жаңартылды. Жылу, су, кәріз құбырлары ауыстырылды.

Әрине, шет аймақтарда жол, жарыққа қатысты мәселелер әлі де баршылық. Ол да ретімен шешілер, жаймен шешіліп те келе жатыр.

Шынын айту керек, төрт жылда жиырма жылға татырлық жұмыс жасалды. Сол жағалауда Астанадағыдан кем емес көпқабатты үйлері бар, сәулеті келіскен шағын қала бой түзеді. Әрбір қызылордалық өз қаласының даму қарқынын, тазалығын мақтан тұтатындай дәрежеге жетті. Қызылорда тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы, әдемі, таза қалаға айналды.

Бұл облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен оның командасының тынымсыз еңбегінің арқасы екенін барлығымыз жақсы білеміз. Орталықтан өңірге қаржы әкелу, сырттан инвестиция тарту – өте қиын, табандылық пен ізденісті қажет ететін шаруа. Аймақ басшысының іскерлігі, ұйымдастыру қабілеті, шеберлігі мен жүйелі жұмысының нәтижесінде өңірге көп қаржы тартылды. Оның пайдасын халық көріп отыр.

Әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар бір жөнге келген соң, қаламызды көгалдандыру қолға алынды. Бұл оңай жұмыс емес, дегенмен мәселелер біртіндеп шешіліп келеді. Жол бойына ағаштар, гүлдер, жасыл желек егілуде.

Осындайда көпқабатты үйлердің айналасына ағаш егу мәдениетін сол жердің тұрғындары қалыптастырса, ортақ игілікке біркісідей жұмылса деп ойлаймын. Қазір – нағыз көшет егетін кезең. Сондықтан әр тұрғын кем дегенде екі ағаштан егіп, оны өздері суарып-баптайтын болса, қаламыз жасыл желекке оранатыны сөзсіз.

Қаланың сәні – тек әдемі ғимараттар ғана емес, жасыл желек. Сол жағалаудағы шаңы бұрқырап жатқан жерге салынған Orda School мектебінің аумағын айналдырған үш жылдың ішінде көгалдандырыл қойды. Бұл – кез келген адамның қолынан келетін жұмыс, үлкендер бастаса, жастар қосып, өскелең ұрпақ содан үлгі алатынына сенімім мол.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
мемлекет және қоғам қайраткері

Экономиканың негізгі тағаны – ИНВЕСТИЦИЯ

Сыр өңіріндегі инвестиция көрсеткішінде кейінгі төрт жылда тұрақты өсім бар, Үкімет бекіткен жоспар артығымен орындалған. Жыл сайын әр өңірдің мүмкіндігі ескеріліп, инвестиция межесі белгіленеді. Мәселен, 2022 жылы Қызылорда облысы 373,5 млрд теңге көлемінде инвестиция тарту керек болған. Жыл қорытындыланғанда бұл көрсеткіш 110,6 пайызға, жоспар 39,8 млрд теңгеге артығымен орындалып, 413,3 млрд теңге инвестиция тартылған.

Одан кейінгі 2023 жылы да оң динамика сақталып, 424,2 млрд теңгенің индикаторы 121 пайызға орындалды. Жалпы 513,7 млрд теңге инвестиция тартылып, жоспардағыдан 89,5 млрд теңгеге артық нәтиже тіркелді.

Ал 2024 жылы инвестициялық белсенділік одан әрі арта түсті. Жоспарланған 517,5 млрд теңге көрсеткіш 130,2 пайызға орындалып, өңір экономикасына 673,7 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл белгіленген межеден 156,2 млрд теңгеге жоғары.

Өткен жылы 631,4 млрд теңге инвестиция тарту көзделген еді, іскерлік байланыстардың арқасында 774,5 млрд теңгеге жетті. Индикатор 122,6 пайызға немесе 143,1 млрд теңгеге артық орындалды.

Бұл көрсеткіштер Қызылорда облы-

сынағына экспортталып отыр.

«Құрылыс-көлік компаниясының» темірбетон бұйымдары зауыты құрылыс индустриясын дамыту бағытында ашылды. Зауыт өнімдері көптегі тұрғын үйлерге пайдаланылуда. Мұнда сағатына 80 текше метр темірбетон және күніне 120 текше метр темірбетон шығарылады. Кәсіпорында 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылған.

Orda Glass Ltd серіктестігінің шыны зауытының қасынан 6,7 млрд теңгеге энергия үнемдейтін шыны өндірісінің жаңа желісі іске қосылып, 20 адамға жұмыс көзі табылды.

Өңірдің көлік-логистика инфрақұрылымының басты тармағы – «Қорқыт ата әуежайының» жаңа терминалы пайдалануға берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, нысанның ресми ашылуына Премьер-министр Олжас Бектенов қатысты.

Жаңа терминалға Болат Өтемұратов қоры 16,6 млрд теңге көлемінде инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға 4,3 млрд теңгеден астам қаржы бағытталды. Мемлекеттік теңгерімдегі терминал Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (IATA) мен Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына толық сәйкес келеді. Мемлекет

несті қолдау мақсатында қолға алған бастамаларының бірі – шағын өнеркәсіптік аймақтар құру. «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің бастамасымен тамақ өнеркәсібі бағытындағы алғашқы шағын өнеркәсіптік аймақ кәсіпкерлерге пайдалануға берілді. Жобаға жұмсалған инвестиция 526 млн теңге, 8 өндірістік цех іске қосылып, 50-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Мұнда жергілікті халыққа күнделікті қажет азық-түлік өндіріледі. Өнеркәсіптік аймаққа орналасқан кәсіпкерлерге «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жылдық 3% мөлшерлемесімен 157 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілді.

Шыны зауытының жанынан «Айна Гласс» компаниясының 1,5 млрд теңге инвестициясы салынған айна өндіру зауыты іске қосылды. Кәсіпорында өндіріс толық автоматтандырылған, процесс шамамен 40 минутқа созылады, тәулігіне 3300 шаршы метр дайын өнім шығарады.

Аймақта ашылған алғашқы ірі жиһаз цехы да – ауқымды инвестиция. Бізде жиһаз өндірісімен 20-ға жуық шағын кәсіпорын айналысады. Олар негізінен тұрғын үйге арналған жиһаз шығаруға маманданған. «Панабек» серіктестігі осы салада 20 жылдан астам уақыт бойы табысты еңбек етіп келеді. Өндіріс қуатын арттыру үшін «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығынан 59 млн теңге қаржы алған. Қала аумағынан 1 гектар жер телімін иеленіп, өндіріс толығымен автоматтандырылды. Қазіргі уақытта жылына 35 мыңға дейін кенсе, асхана, мектеп парталары мен басқа да жиһаз түрлерін шығарады. Өнімдері

лады. Іске асқанда 300 жаңа жұмыс орны ашылып, өнімдер ішкі нарықпен қатар, Орталық Азия елдеріне экспортталады.

Халықаралық іссапарлар мен жүргізілген келіссөздердің арқасында ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларында 10,8 млрд теңгенің 9 келісім-шартына қол қойылды. Қазір бұл жобалардың бірқатары кезең-кезеңімен іске асырылып, қытайлық озық технологиялар өндіріске енгізілуде. Шетелдік инвесторлармен жылжымай кешенін салу, құрылыс материалдарын өндіру, қалдықтарды қайта өңдеу және энергетика салаларындағы жобалар пысықталды.

Бүгінде «Абзал және К» серіктестігі 1 млрд теңгеге күріш өңдеу, «Алтын Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1 млрд теңгеге тұз өндіру зауытын іске қосты, ал «АгроХим-Сервис» ЖШС 311,5 млн теңгеге тыңайтқышты кептіру технологиясын өндіріске енгізді.

Өңірдің инвестициялық әлеуетін арттыруда «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағын құру туралы шешім қабылданып, 550 гектар аумақта инфрақұрылым қалыптастырылуда. Бұл бастама жаңа өндірістерге, жұмыс орындарын құруға және көліктік-логистикалық мүмкіндіктерді кеңейтуге жол ашады.

Өткен жылдың тамыз айында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Жетісу өңіріне жұмыс сапарымен барып, «Жаркент крахмал-сірне зауытының» тәжірибесімен танысып, жүгері дақылын терең өңдейтін жаңа өндіріс орнын салу туралы маңызды келісімге қол жеткен еді. Сәуір айының басында Сырдария ауданында жылына 150 мың тонна жүгеріні терең өңдейтін заманауи зауыттың құрылысы басталды. Инвестиция көлемі 40 млрд теңге, озық технологиялармен жабдықталып, 550 тұрақты жұмыс орны ашы-



«RIXOS» ҚОНАҚ ҮЙІ

ЖОБА ҚҰНЫ | 20 млрд. тт. | 2026 жылы пайдалануға беріледі

сын өңірлер арасындағы бірінші орынға шығарды және өңір осы позицияға орнықты. Әрине, көрнекті цифрларды тізіп шығу – ең оңай тірлік, оның артында қаншама жұмыс сапарлары, іскерлік кездесулер, таныстырылымдар мен келіссөздер тұр.

Жалпы құрылымына тоқталсақ, жеке инвестицияның үлесі басым, яғни 72,1 пайыз, 558,6 млрд теңге, көрсеткіште 14,9 пайыз өсім бар. Бұл – өңірде бизнеске қолайлы жағдай жасалғанына, жеке сектордың экономикалық белсенділігі жоғары екеніне айқын дәлел.

Енді негізгі жобалар туралы айтсақ, төрт жылда 401 млрд теңгенің 72 инвестициялық жобасы жүзеге асқан. Жылына 197 мың тонна өнім шығаратын шыны зауыты өнеркәсіп саласының дамуына серпін берді, оған 42 млрд теңге инвестиция тартылған. Зауыт 500 мың тоннаға жуық өнім өндіріп, 70%-ы ішкі нарыққа, 30%-ы экспортқа бағытталуда. Экспорт географиясы шырлық логистика мен өндірістік жоспарлаудың арқасында кеңейіп келеді. Тауар Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Беларуське, Еуропалық Одақ талаптарына сәйкес

басшысы өңірге жұмыс сапары кезінде «Қорқыт ата әуежайының» еліміздегі ірі әрі стратегиялық маңызы бар әуе аялақтарының бірі деп атады.

Өңірде металл өңдеу цехы, минералды ұнтақ, асфальтбетон, шлакоблок және газоблок шағын өндірістері іске қосылып, 58 жұмыс орны ашылды. Агроөнеркәсіп кешенінде жылына 96 мың тонна күріш өңдейтін 5 күріш зауыты жұмысын бастады.

Өткен жылы шілде айында «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің ең озық технологиялармен жабдықталған, толық автоматтандырылған кірпіш зауыты ашылды. Зауыт жылына 90 млн кірпіш шығарып, жергілікті құрылысқа қажетті сұраныстың 90 пайызын қамтамасыз етеді. Жоба арқылы өңірге қосымша 5 млрд теңге инвестиция келді.

«Қызылорда нан» серіктестігінің нан өндіру кешені іске қосылды. Мұнда заманауи технологиялар қолданылып, жоғары сапалы өнім өндірілуде. Қазір 3,1 млрд теңгеге салынған нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін шығаратын 3 цех жұмыс істеп тұр.

Үкіметтің шағын және орта биз-

сыранысқа ие, «Келешек мектептері» ұлттық жобасымен салынған 5 мектепті сапалы жиһазбен қамтамасыз етті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Сыр елінде тұркиялық Aksa Energy компаниясының жаңа жылу-электр орталығы жұмысын бастады. Бұл – халық пен экономиканы энергиямен қамтамасыз ететін стратегиялық нысан. Жалпы 215 миллиард теңге инвестиция салынған, 240 мегаватт электр және 277 гигакалория жылу өндіруге есептелген. Бүгінде 176 МВт электр қуатын өндіреді.

Мемлекет басшысының Қатарға жұмыс сапары аясындағы Үкіметаралық келісімге сәйкес қуаттылығы 1100 МВт, құны 1,1 трлн теңге болатын бұзғандық қондырғысын салу жобасы келісілді. Қазір техника-экономикалық негіздеме әзірленуде. Мегажоба 2028 жылы толығымен іске қосылады.

Әлемге әйгілі испандық Rosa Group компаниясымен орнаталған әріптестік – өңір үшін маңызды жетістіктердің бірі. Жобаға 44,1 млрд теңге инвестиция құйылады, жылына 500 мың санитарлық-техникалық өнім шығары-

лады. Шикізатпен қамтамасыз ету үшін жүгері егісінің көлемі 15 мың гектарға дейін ұлғайтылмақ. Алдағы жылдары бұл көрсеткіш кезең-кезеңімен артып, облыстың аграрлық әлеуетіне серпін береді. Сонымен қатар, жүгеріні терең өңдеуге бағытталған шаруашылықтарға мемлекет қаржылай қолдау көрсетеді.

Жақын күндері швейцариялық Harvest Agro компаниясының 68 млрд теңгеге бағаланған техникалық қарасора, жүгері мен соя өсіру арқылы аграрлық-индустриялық кластер құру жобасы басталады. Жоба екі кезеңде іске асады. Өндірістік қуаттылығы – жылына 42 мың тонна техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері дәні және 20 мың тонна соя өндіру. Жалпы, өңір экономикасын әртарапандыруда 2026-2029 жылдары 1 трлн 900 млрд теңгенің 48 инвестициялық жобасы, 10,3 мың жаңа жұмыс орнын ашу көзделген.

Мұның барлығы – кейінгі төрт жылдың еншісіне тиген ауқымды жұмыстың бір бөлігі.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

НАН-ТОҚАШ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ КЕШЕНІ

ИНВЕТОР | «ҚЫЗЫЛОРДА НАН» ЖШС

ЖОБА ҚҰНЫ | 3 млрд. 100 млн. тт.

НЫСАН 2025 жылы қыркүйек айында пайдалануға берілді

Ел экономикасының маңызды қозғаушы күші саналатын құрылыс саласында қай кезде де жұмыс қызу. Сыр өңірінде саланың даму қарқыны жоғары деп есептеуге болады. Мұны облыс басшылығының тізгіні Нұрлыбек Нәлібаев қолға алған кейінгі төрт жылдағы көрініс айқындап берді. Осы уақыт ішінде аймақта жаңадан заман талабына жауап беретін тұрғын үйлер, инфрақұрылымдық нысандар мен әлеуметтік объектілер көптеп салынды.

ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ҚЫЗУ АЛАҢЫ

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметіне сүйенсек, 2022-2025 жылдар аралығында 341,8 млрд теңгеге 1238 жоба жүзеге асырылды. Оның 103-і – әлеуметтік нысандар, 1014-і – тұрғын үй, 121-і – инженерлік инфрақұрылымдар. Өткен жылы 89 жоба аясында құрылыс жұмысын жүргізуге 137,8 млрд теңге бағытталды.

– Кейінгі төрт жылда қаржыландырудың барлық көзінен 3,2 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5148 пәтер табысталды.

Аймағымызда алғаш рет соңғы үш жылда барлық ауданда жаңадан 1700-ден астам пәтер салынып, тұрғын үй кезегінде тұрған отбасылар қоныс тойын тойлады. Былтыр 2477 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысына және оны сатып алуға бюджеттен 36 млрд теңге бөлінді. Қаржыландырудың барлық көзі есебінен 939,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Биылғы жылы бюджеттен 84 пәтерлі 2 тұрғын үй құрылысын салуға және 2232 пәтер сатып алуға 55,6 млрд теңге бөлінді, – делінген хабарламада.

Мемлекет басшысының сайлауалды



бағдарламасына сәйкес 2026-2030 жылдары Қызылорда облысында 3,9 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Биыл қаржыландырудың барлық көзі есебінен 950 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру көзделіп отыр.

Сыр елінде әлеуметтік маңызы бар нысандар құрылысы да бір сәтке дамыдаған емес. Басқармадан белгілі болғандай, төрт жылда білім беру саласында 42, денсаулық сақтау саласында 41, мәдениетте 22, спорт саласында 24 жоба жүзеге асырылды. Олардың қатарында облыс орталығында бой көтеріп, қаланың сәніне сән қосқан Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы, 11 мың орындық стадион, Келешек мектептері, дәрігерлік амбулаториялар, автовокзал, «Достық үйі», «Құзыреттілік орталығы» және тағы басқа бірқатар ірі нысанды атауға болады. Әуежай терминалы Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылдың соңында ашылды. Жобаны іске асыруға «Болат Өтемұратов қоры» 16,6 млрд теңге инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға 4,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Ал

еліміздің футбол картасынан лайықты орын алатын заманауи аренаның ашылуы еліміздің спорт тарихында айтулы күн болғаны рас. Стадион UEFA-ның 4-санатына сәйкестендірілген, жасыл алаң халықаралық стандарттарға сай жасанды төсенішпен жабықталған, заманауи жарықтандыру және дыбыс жүйелері орнатылған. Бұл өз кезегінде халықаралық деңгейдегі спорттық және мәдени шараларды жоғары сапада өткізуге мүмкіндік береді. Бәсекеге қабілетті, заманның жаңа шақыртуларына дайын, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу – мемлекет алдындағы стратегиялық маңызды мәселе екенін ескерсек, отандық білім саласын дамытуда Президент бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасының маңызы айрықша. Жоба аясында 54 млрд 391 млн теңгеге 10 жаңа мектеп салынды. 2023 жылдан бері 5 млрд 700 млн теңгеге 9 мектептің жанынан қосымша ғимарат бой көтерді. Бұл арқылы өңірдегі үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Жастардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған қос қабатты, сәулеті ерекше «Құзыреттілік орталығының» 1000 орын-

дық ғимараты қайтарылған активтер есебінен салынған. Мұнда студенттер халықаралық кәсіби шеберлік жарыстарына дайындалады. Орталық сарапшылық қауымдастықты дамыту, жұмысшы мамандықтардың танымалдығын, оған жастардың қызығушылығын арттырудың бірінғай жаттығу базасына айналмақ.

Жыл басында еліміздің өңірлік бөлінісінде құрылыс жұмысы көлемінің ұлғаюы жөнінен алдыңғы орындағы облыстар аталды. Айтарлықтай өсім тіркелген өңірлер тізімінде Қызылорда облысының (11,3%) болуы – сырбөйліктер үшін зор мақтаныш. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық салаларында оң өзгеріс байқалатынын Мемлекет басшысы Қызылордада өткен тарихи Ұлттық құрылтайда жеткізген болатын. «Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады» дей келе, Президент бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі екенін атап өтті.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



Кейінгі жылдары облыстағы күш алған сала – жол-көлік инфрақұрылымы. Рас, өңірлер арасын байланыстыратын күре жол бойындағы елге келген қонақтар да, туристер де жол сапасына сүйсініп жүрді. «Сіздердегі жол салу ісі бізде де болса етті». Көбіне-көп басқа облыстан келіп, Қызылорда жерін қыдырыстаған ағайынның аузындағы әңгіме осы. Тіпті Астанадан келген тілші әріптестер де басқа облыстармен салыстырғанда, Сырдағы жол сапасының алда тұрғанын сөз ететін.

ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ: ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮЛГІ ӨҢІР

Бір ғана мысал, 2022 жылдан бері облыстағы жол инфрақұрылымын дамытуға 150 млрд теңге қаржы бөлінді. Нәтижесі белгілі. 1600 шақырым жол мен 30 көпір салынып, кейбірін толық жөндеп алды.

Алдыңғы Қызылорда қаласының өзіне үңілейікші. Сырдағы бас шаһардың көлік қозғалысында көп жол кенді. Тар жолдың тынысы қайта ашылды, екі не төрт жолақ жол одан әрі үлкейді. Бейбарыс сұлтан көшесінен Б.Баймаханов көшесіне дейінгі аралықтағы Тараз көшесі мен Бейбарыс сұлтан көшесі Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейінгі жол 4, Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі бөлік 6 жолақты жолға айналды. Қауіпсіздік пен кептелісті азайтатын бұл жоба әлі жалғасын тоқтатпады.

Өткен жылы салада 125 жоба іске асты. 50,6 млрд теңгеге 330 шақырымға жуық жол мен көше, көпір жөндеді. Қорытындысы көңіл қуантып тұр. Былтыр облыс бойынша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайыздан асты. Аталған жұмыс қатарында Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылы бойында «Қызылжарма»

каналы арқылы өтетін автожол көпірі бар. Одан бөлек, Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылы 4 жолаққа кеңейді. Даңғыл бойындағы Әбілхайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңа жол салынды. Ең бастысы, ұзындығы 23,5 шақырымдық әуежайға кіреберіс жол 4 жолаққа айналды.

Өңірдің халықаралық көлік дәлізінде айрықша орны бар. Көрші Қытай мен Еуропа мемлекеттері арасындағы сауда тасымалы Сыр бойынан өтеді. Президент тапсырмасымен Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырым жолды І санатқа ауыстыру жобасы қолға алынды. Көптен мәселе болған жол тарлығын шешу қажеттігін аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысына өз аузымен айтқаны ел есінде. Қазір екі кезеңнен іске асатын құрылыс басталып-ақ кетті.

Айтпақшы, Президент Жолдауында айтылған «Сексеуіл-Бейнеу» жолының құрылысы 559 шақырымға жүреді. Оның 189 шақырымы Арал ауданының Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосаман, Сексеуіл елді мекендері арқылы өтеді. Жоба аясында өңірдің ең шеткі елді мекендерінің де жол қатынасы жақсартылып баса айтамыз. Ең қуаныш-

тысы, бас ауыртар мәселеге айналып, жүргізушілерді шаршатқан республикалық «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының Сырдағы бөлігі бітті. Былтыр ғана облыс аумағына кіретін 191 шақырым жол толықтай асфальттанды.

Аймақтағы қала мен жеті ауданның барлығы теміржол бойында орналасқаны белгілі. Ондағы халықтың теміржолдың екі бетінде қоныстанғанын ескерсек, көлік қозғалысына арнайы өткел керек екені айтпаса да түсінікті. Қарбалас уақытта кепте-

ліс тудыратын мәселе шешілмей қалады. Айталық, облыс әкімінің бастамасымен Арал ауданында 940 метр болатын аспалы көпір бітті. Жанакорған ауданында талай жылдан аяқсыз қалған осындай теміржол үстінен өтетін көпір пайдалануға берілді. Қазір осы жобалардың жалғасы ретінде қаладағы Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты жолының құрылысы қарқын алды. Ал Қармақшы ауданында құны 5,5 млрд теңгеге құрайтын теміржол көпірінің құрылысы жақын уақытта басталады.

Биыл жол инфрақұрылымына 39 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. 138 шақырым жол мен көше, көпірлер жөнделеді. Мұның барлығы облыс тұрғындарының сұранысы екені белгілі.

Екі жыл бұрын қаланың сол жағалауынан еңселі автовокзал бой көтерді. 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 200-ден астам автобус маршруты ұйымдастырылған. Сонымен қатар, халықаралық маршрутпен Ташкент қаласына, облысаралық Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе қалаларына 18 автобус маршруты бар. Жаңадан «Қызылорда-Атамекен (Қорғас)» тұрақты жолаушы тасымалдаушы маршруты да ашылды.

Облыс орталығындағы халыққа қызмет ететін қоғамдық көліктер толық жаңарды. 2022-2024 жылдары «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы алынған 300 автобус қалалық 32 маршрутты 100 пайыз қамтыды. Сонымен бірге, қалада «Экотакси» қызметін құру жобасымен 100 электромобиль алынып, тұрғындар мен қонақтарға қызмет көрсетуде.

Сыр еліне келген қонақтарды риза еткен бір нысан – «Қорқыт ата әуежайы». Аптасына 37 рейс орындайтын жаңа терминал екі жыл бұрын пайдалануға берілді. Жобаға Болат Өтемұратов қоры 16 млрд 700 млн теңге инвестиция салды. Ал жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға 4 млрд 300 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. Жаңартылған әуежай терминалы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

Тағы бір айтатын жайт, 2023 жылы «Қазақстан темір жолы» ҰҚ АҚ және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн теңгеден астам қаржыға Қызылордадағы теміржол вокзалы мен аумағы түгелдей күрделі жөндеуден өтті. Президент тапсырмасы, Үкімет қолдауы, облыс басшысының үйлестіруі арқасында мұндай құрылыс Жанакорған, Шиели, Жосалы, Төретам, Қазалы, Арал, Сексеуіл теміржол вокзалында, Жалағаш пен Теренөзектегі қызмет көрсету пункттері мен Талап бекетіндегі жолаушылар платформасында жалғасын тауып отыр.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»





АГРОСАЛАДА жаңа бетбұрыс

Кейінгі жылдары өңірдің аграрлық саласында инвестиция тарту мәселесі дұрыс жолға қойылды. 2022-2025 жылдар аралығында мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қолдау үшін 92,4 млрд теңге бөлінсе, ол биыл 35 млрд теңгеге жуықтайды. Сондай-ақ шаруашылықтар есебінен 58 млрд теңге қаржы тартылды. Бұл үшін 2026-2028 жылдарға инвестициялық жобалардың жол картасы әзірленген. Оған енгізілген 17 жобаның жалпы құны 138 млрд теңгеден асып жығылады. Осындай оң бастамалар нәтижесінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жаңа белеске көтеріліп келеді. Сол арқылы барлық көрсеткіште оң серпіні сақталып отыр.

Облыс экономикасында ауыл шаруашылығы саласының үлесі зор. Сондықтан облыс басшылығының қамқорлығымен көптеген іс-шаралар жүзеге асты. Былтыр жалпы құны 11,6 млрд теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба тұсауын кесті. Олардың 6-уы күріш, 1-уі мал сою пункті, 1-уі балық зауыты, 3-уі шөп болса, қалғандары өзге бағытты қамтиды. Нәтижесінде ауыл шаруашылығының негізгі қорына тартылған инвестиция көлемі 74 пайызға артты.

Шындағында, кейінгі 4-5 жылда аймақ еңбеккерлері су тапшылығы мәселесін тартып келеді. Жергілікті халықтың тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің деңгейіне тікелей қатысты. Мемлекет басшысының Сыр дикандарына деген ерекше қолдауымен былтыр күрделі вегетациялық кезеңде нақты іс-шаралар жүзеге асты. Бұл барлық егін алқабын сумен қамтамасыз етуге жол ашты. Сала мамандарының айтуынша, Нарын-Сырдария каскадындағы су тапшылығы биыл да жағсауы мүмкін. 2026 жылға бекітілген су лимитіне сәйкес облыс бойынша 185,8 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланып отыр. Аймақтың басты дақылы – күріш көлемі 70 мың гектарды құрайды. Қазір әртараптануды бағыттап сууды аз қажет ететін монодақылдарға баса назар аударылуда. Су ресурстарын басқару технологиясын кеңінен енгізу үшін алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы қаралған.

Былтыр су үнемдеу технологиясын пайдалану көлемі 2024 жылмен салыстырғанда екі есеге артты. Ол былтыр 8,1 мың гектарды шамаласа, биыл 16,7 мың гектарды құрайды. Қызылордалық дикандар су шығынын азайту үшін егістік жерлерді лазерлік тегістеуге ерекше мән беріп отыр. Бұл тиімділігін дәлелдеді. 2025 жылы мұндай алқап 60 мың гектарды құраса, биыл 65 мың гектарға жетеді. Осының нәтижесінде су үнемделіп, өнімділік артады.



Мемлекет басшысының тапсырмасымен аймақта экономиканы әртараптандыру мен өңдеу өнеркәсібінің дамуы стратегиялық міндеттің біріне айналды. Облыс басшысы былтыр Жаркент крахмал-сірне зауытының жұмысымен танысып қайтқан еді. Жуырда Сырдария ауданынан жүгері дақылын терең өңдейтін жана зауыттың іргетасы қаланды. Онда жылына 150 мың тонна өнім өңдеуге мүмкіндік бар. Жобаның құны 40 млрд теңгені құрайды. Оны жүзеге асыру екі кезеңнен тұрады. Алдымен кептіру және сақтау кешенінің құрылысы бой көтерсе, одан кейін жүгеріні терең өңдейтін зауыт құрылысы басталады. Өндіріс орны заманауи барлық талапқа сай келеді. Жоғары сапалы технологиямен жабдықталған зауытта алдағы уақытта 550 адам еңбек етеді.

Мамандардың айтуынша, жүгері өндірісінің толық циклін қамтамасыз етуге жол ашады. Осылайша келешекте елдегі ағайынның еңбегін ақтайтын тиімді жүйе қалыптастыруға мүмкіндік туады. Рас, қазірге дейін жиналған өнімді кептіретін, ұзақ мерзімге сақтайтын және өткізетін тетіктер жеткіліксіз. Ол дикандардың жүгері дақылын егуге деген қызығушылығын төмендетті. Осының салдарынан шаруашылық құрылымдары олардың көлемін 1-1,5 мың гектардан асырған жоқ. Биылдан бастап дөңдік жүгері егісін 15 мың гектарға дейін ұлғайту көзделіп отыр. Алдағы уақытта одан әрі арта түседі. Бір сөзбен айтқанда, өңірде аграрлық саланы кластерлік жүйеге бейімдеудің нақты бастамалары жүріп жатыр. Бұл аймақ табиғатында қаншалықты қиын болса да, табандылық нәтиже әкелерінің бір дәлелі.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Облыста кейінгі жылдары инфрақұрылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде елді мекендерді газдандыру мен сапалы ауызсумен қамтамасыз ету – тұрғындардың өмір сапасын арттырудағы негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындалған. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беріп отыр.

«КӨГІЛДІР ОТЫН» – 83, АУЫЗСУ – 100 ПАЙЫЗ

Расын айту керек, қазір отын мен көмірдің қамын ойлап бас қатырмай, ыс пен күлдің азабынан құтылған сан мың отбасының тұрмысы жаңа сипат алды. Әсіресе, 4 жыл ішінде елді мекендерді газдандыруға 70 млрд теңгеден астам қаржы тартылып, нәтижесінде 39 елді мекен және 1 қала (Қазалы) толық газбен қамтамасыз етілді. Осылайша, облыс бойынша газдандыру деңгейі 70-тен 83 пайызға жетті.

Жылдар бөлінісіне тоқталар болсақ, 2022 жылы 14 жобаны жүзеге асыруға 8,7 млрд теңге бөлініп, 5 елді мекен және 1 қала табиғи газға қосылды. Жыл қорытындысы бойынша газдандыру деңгейі 70 пайызды құрады. Ал 2023 жылы 26 жобаны жүзеге асыруға 8,7 млрд теңге бөлініп, жыл соңында 13 елді мекен табиғи газға қосылып, 36 мыңға жуық тұрғын оны тұтыну мүмкіндігіне ие болды. Сол кезеңдерде «көгілдір отынға» қосылған елді мекен 35-ке жетіп, газдандыру деңгейі 75 пайызды құрады. Алдыңғы жылы 24 жобаны жүзеге асыруға 30,5 млрд теңге бөлініп, 11 елді мекен табиғи газға қосылды. Сол жылдың соңында облыстың газбен қамту деңгейі 78 пайызға, газдандырылған елді мекен саны 46-ға өсті.

Былтыр да жақсы нәтижелер болды. 18 жобаны жүзеге асыруға 17,3 млрд теңге бөлініп, 10 елді мекен «көгілдір отынға» қосылды. Оның ішінде Шияжаға, Ортақшыл, Баймұрат, Талдыарал, Ақтан батыр, Н.Лиясов, Шаған, Дүр Оңғар ауылдарын айтуға болады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облысты газдандыру деңгейі 83 пайызға, газдандырылған елді мекен саны 56-ға өсті.

Биылдың өзінде 14 жобаны жүзеге асыруға 4,9 млрд теңге



бөлінді. Жыл басында «Сабалақ» саяжайының тұрғындары үшін қуанышты жаңалық болды. Көптен бергі мәселе шешімін тауып, мұндағы 1600-ден астам абонент «көгілдір отынға» қосылуға мүмкіндік алды. «Сабалаққа» газ желісін жүргізу үшін 3 кезеңнен тұратын жоба дайындалған болатын. Жоба құны 3 млрд теңге болса, аймақ басшысының тікелей қолдауымен қосымша 300 миллион теңге бөлініп, саяжайдың ішкі газ желілерін тарту жұмыстары жүргізілді.

Жалпы, жыл соңына дейін облыстағы 10 елді мекенге «көгілдір отын» жеткізіп, газдандыру деңгейін 85 пайызға жеткізу жоспарлануда.

Өңірде ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі де жүйелі түрде шешімін тауып келеді. Мемлекет басшысының елді мекендерді толықтай сапалы ауызсумен қамту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, кейінгі жылдары ауқымды жобалар жүзеге асырылды.

2022 жылдан бастап бұл салаға

жалпы 37,1 млрд теңге бөлініп, 77 жоба іске асырылды. Нәтижесінде, өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстағы елді мекендер 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтылды. Тағы да жылдар бөлінісіне кезек берсек, мәселен, 2022 жылы 19 жоба жүзеге асса, сол кезеңде ауыз сумен қамту деңгейі 98,1 пайызды құраған. 2023 жылы 23 жоба іске асып, 98,4%, 2024 жылы 11 жоба жүзеге асып, 98,6% болды. Былтыр 24 жоба орындалып, 100 пайыз көрсеткішке қол жеткіздік. Бұл – үлкен жетістік. Себебі, ауызсу – халық денсаулығы мен тұрмыс сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Жасалып жатқан жобалар өңірдің инфрақұрылымдық әлеуетін айтарлықтай арттырды. Газдандыру деңгейінің жыл сайын өсуі және ауызсумен 100 пайыз қамтылуының соңында үлкен еңбек пен табандылық жатыр.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Кейінгі жылдары облыста «Өңірлік жұмыспен қамту» картасы шеңберінде 124758 адам жұмыспен қамтылды. Соның ішінде «10 мың халыққа 100 жаңа жұмыс орнын құру» Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 50347 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Кейінгі уақытта жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшіне қарағанда 4,9-дан 4,5 пайызға дейін, жастар арасындағы

жұмыссыздық 4-тен 3,4 пайызға дейін төмендеді. Сонымен қатар 8065 осал топтағыларға «мемлекеттік қайтарымсыз грант» беріліп, олар жеке кәсібін ашты. Жастарға да кәсіп ашуға мүмкіндік көп. Мәселен, 2023 жылы жеңілдетілген 2,5 пайызбен несие беріліп, 492 жас өз кәсібін ашуға мүмкіндік алған.

Қазір атаулы әлеуметтік көмек шын мұқтаждарға ғана беріледі. Мем-

ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС – ӘЛЕУМЕТ ТІРЕГІ

Әлеуметтік сала реформаларының басты мақсаты – халықтың тұрмыс жағдайын, өмір сүру сапасын арттыру. Оның жұмыс нәтижесі де халықтың әл-ауқаты мен әлеуметтік жағдайының тұрақталуымен өлшенеді. Аймақта бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар мен жобалар аз емес. Атқарылған істердің нәтижесінде халықты тұрақты жұмысқа орналастыру бойынша республикада алдыңғы орындардан көрініп келеді.

лекет басшысы биыл да Үкіметтің кеңейтілген отырысында мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмек шын мұқтаждарға жетуін баса айтқан еді. Соның нәтижесінде кейінгі төрт жылда көмек алушының саны 13747 отбасынан 4468 отбасыға немесе 3 есеге азайды.

2022 жылдан бастап мүгедектігі бар адамдар мен балаларды әлеуметтік қолдауға арналған, оның ішінде олардың қатысуымен спорт жарыстары,

фестиваль, кино, музей, театр әлеміне, тарихи орындарға саяхат жасау, «3 желтоқсан Халықаралық мүгедектер күнін» атап өту шараларына бағытталған әлеуметтік маңызы бар жоба іске асырылуда. Ал 2023 жылдан бастап санаторий-курорттық емделу қызметіне оналудың жеке бағдарламасы әзірленген бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласында жағдай жасау мақсатында жылына бір рет оларға ілесіп

жүрушінің шығындары өтелетін болды. 2024 жылы алғаш рет облыс бойынша барлық санаттағы мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға әрқайсысына 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде Ұлттық мереке – 25 қазан Республика күніне орай бір реттік әлеуметтік көмек берілуде.

2024 жылы «Халық банк» акционерлік қоғамы тарапынан банктің жүз жылдығына арналған «100 игі іс» науқаны аясында Қызылорда және Байқоңыр қалаларына мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға әрқайсысының құны 23,0 млн теңге тұратын арнайы 2 инватакси көлігі сыйға тартылды. 2025 жылы «INTERTASCO» ЖШС Қызылорда қаласына мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға арнайы инватакси көлігін сыйға тартты.

«Үй жағдайында мүгедектігі бар балаларды оңалту» жобасы облыста 2024 жылдан бастап арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы базасында іске қосылды. Жоба аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры тарапынан 283 млн теңгеге 95 дана оңалту құралы алынды. Кейінгі төрт жылда 10,4 млрд теңге бюджет қаражаты үнемделді.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәдениетті арттыру – мемлекет саясатының маңызды бағыты. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы бүгінде бүкіл ел көлемінде кең қолдау тауып, игі нәтижесін беріп келеді. Бұл бастама Сыр өңірінде жүйелі түрде жүзеге асып, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, жасыл аймақтарды көбейтуге және табиғатты аялауға бағытталған нақты жобалармен жүзеге асырылуда.



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: «БҰЛ – БІЗДІҢ ӨМІР САЛТЫМЫЗ»

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде «Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе – іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаның табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәрiнiз бiрге iстеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегенiмiз – осы» деген болатын.

Енді бағдарлама аясында атқарылған бірқатар жобаға тоқталсақ, 2024 жылы «Қазақстан-Корея» бизнес форумы аясында облыс әкімі мен корейлік «With you E&C» компаниясы арасында Қызылордада жылына 300 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және қалдықтарды қайта өңдеу жөндеуден өткізілуде. Кейінгі жылдары демеушілер және бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылып, ел игілігіне берілді. Бүгінгі таңда қала аумағында 42 саябақ пен демалыс паркі бар. Нысандарды таза ұстау үшін «Тазалық патруль»

98 млрд 700 млн теңгеге 9 жоба іске асырылады. Соның бүгінгі күні Жаңақорған ауданындағы сұрыптау кешенін іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек Сырдария ауданында сұрыптау кешені бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны салынды. Тағы екі полигон жобасы әзірленуде.

Ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру және тұрғындарды тазалыққа ынталандыру үшін жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Кейінгі жылдары жобаға 2 млрд 64 млн теңге бөлініп, үздік елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды. Бұл – облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тың идеясы.

Демалыс орындары, ойын, спорт және орталық алаңдар қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізілуде. Кейінгі жылдары демеушілер және бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата сквері қайта жаңғыртылып, ел игілігіне берілді. Бүгінгі таңда қала аумағында 42 саябақ пен демалыс паркі бар. Нысандарды таза ұстау үшін «Тазалық патруль»



қозғалысы белсенділік танытып келеді.

Жақында өзгеше кейіпте толығымен қайта жаңғыртылып, жаңадан салынған Президент паркі пайдалануға беріліп, халықтың қуанышы еселенді. Жаңа саябақ аумағына заманауи субурқтар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, стритбол, баскетбол, футбол алаңдары, workout, демалыс аймақтары, фудкорттар, теннис үстелдері, биіктігі 50 метрлік айналымы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатылған. Жалпы 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 100 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді. Сондай-ақ саябақ аумағын тиімді пайдалану мақсатында бірқатар ірі жоба қолға алынды. Мәселен, 6 гектар жерге 300 орындық заманауи балалар лагері, 2,4 гектарға Ботаникалық бақ салынууда.

Бұдан бөлек, өңірде біркелкі дизайн код бекітіліп, облыс орталығынан бастап барлық елді мекен бірегей архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді. Қызылорда қаласында 2 млрд 905 млн теңгеге 83 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталды. Биыл да бұл жұмыс жалғасын тауып, 900 млн теңгеге қосымша 21 тұрғын үй жаңғыртылуда. Өткен жылы 1 млрд 300 млн теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулақтарына балалар ойын, спорт алаңдары салынып, абаттандырылды.

Қуантарлық жаңалықтың бірі аймаққа былтыр 212 278 турист келіп, көрсеткіш 25,4 пайызға өсті. Осы ретте тұрғындар мен туристерге қолайлы жағдай жасау үшін ауқымды жұмыстар жалғасуда. Сондай-ақ қайта жаңғыртылған теміржол вокзалы мен «Қорқыт Ата әуезі» туристерге арналған

кодтар орнатылды. Экскурсияға келушілерге жаңадан салынған, тарихи мәліметтермен толықтырылған заманауи музей қызмет көрсетеді. Өңірдегі демалыс парктері жаңартылып, туристерге қолайлы әрі қауіпсіз болуы үшін барлық жағдай жасалды. Қауіпсіздікті күшейту мақсатында адам көп шоғырланатын орындарға 102 және SOS батырмаларының 15 құрылғысы орнатылды. Туристік инфрақұрылымды дамыту аясында халықаралық деңгейдегі бесжұлдызды қонақүй, IBIS Quzylyorda және Rana қонақүйлері бой көтеріп, аудан орталықтарындағы теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылуда.

Жалпы «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында осындай байыпты қадам жасалып, жалғасын табаду.

Мемлекет басшысы «Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтпін бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы» деген болатын. Демек табиғатты аялау арқайсысымыздың ортақ міндетіміз екенін ұмытпайтық.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚАЛАЛЫҚ ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУДАН ӨТТІ



ЖОБА ҚҰНЫ | 6 млрд 300 млн.тг.

2025 жылы маусым айында пайдалануға берілді

Спорт – тек жарыс пен жеңіс емес. Ол – ұлт денсаулығы, жас ұрпақтың жігері, елдің еңсесі мен мерейі. Сондықтан да мемлекет тарапынан бұл салаға айрықша мән беріліп келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәріптеу – ұлт саулығының кепілі» деген сөзі осы бағыттағы жүйелі жұмыстың темірқазығына айналды.

Осы ұстаным аясында Қызылорда облысында кейінгі төрт жыл ішінде спорт саласы қарқынды дамып, Сыр спорты жаңа белеске көтерілді. Ел ішінде «жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дейді. Сол жарыс жолында Сыр елінің де самғауы, ең алдымен, берік инфрақұрылым мен тұрақты қолдаудан бастау алды.

Төрт жылда облыста аймақ басшысының тікелей бастамасымен заманауи үлгідегі 24 спорт нысаны салынып, ел игілігіне берілді. Сыр елінде спорт инфрақұрылымын жаңғырту тек санмен емес, сапамен де өлшеніп отыр. Соның жарқын мысалының бірі – 2024 жылы Қызылорданың сол жағалауында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорымен бірлесіп ашылған халықаралық талаптарға сай «Теннис орталығы». Құны 3,4 млрд теңгені құрайтын бұл заманауи кешенде бір мезетте 32 спортшы ойнайтын 16 теннис столы, 350 көрерменге арналған орын, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер қарастырылған. Бүгінде мұнда жеті оқытушы-жаттықтырушы 300-ден астам спортшыны кәсіби бағытта шыңдап келеді. Бұл – өңірде теннис спортының тамыры тереңдеп, тынысы кеңейіп келе жатқанын аңғартатын нақты қадам.

Спорттағы тағы бір сүбелі бастама – бұрын жеке теңгерілме болған «Тарлан» спорт кешенінің мемлекет меншігіне өтіп, Қызылорда ерлер және әйелдер бокс клубы болып ресми түрде ашылуы. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен бұл нысан демеушілер есебінен күрделі жөндеуден өткізіліп, заман талабына сай толық жаңғыртылды. Қазіргі таңда мұнда ерлер мен әйелдерге арналған екі бокс залы, 40 орындық қонақүй, заманауи жаттығу залы мен спортшыларға арналған асхана жұмыс істейді.

Ал ең ауқымды жобалардың бірі – Қызылорданың

СЫР СПОРТЫ САМҒАУ ҮСТІНДЕ



сол жағалауында бой көтерген 11 мың орындық «Kaysar Arena» стадионы. Құны 26,5 млрд теңгені құрайтын бұл нысан – Сыр спортындағы жаңа дәуірдің айқын белгісі. Жаңа стадионның жасыл алаңы халықаралық стандарттарға толық сай жабдықталған. Ең бастысы, мұнда тек футболға ғана емес, олимпиадалық спорт түрлеріне де ерекше мән берілген. Атап айтқанда, бокс, спорттық гимнастика,

ауыр атлетика, таеквондо, күрестің үш түрі және фитнеске арналған арнайы залдар қарастырылған. «Kaysar Arena»-ның айрықша ерекшелігі – УЕФА классификациясы бойынша IV санатты категорияға ие болуы. Бұл дегеніміз – халықаралық деңгейдегі ресми матчтар мен жоғары дәрежелі спорттық додаларды өткізуге толық мүмкіндік бар деген сөз.

Ал биылғы жылдың басында Қызылорда қаласының сол жағалауында ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған Инклюзивті спорт орталығы пайдалануға берілді. «Қазақстан Халқына» қоғамдық қорының демеушілігімен салынған бұл нысанның құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайды. Мұнда волейбол, күрес және жалпы дене дайындығына арналған арнайы залдар жасакталған. Бір



беретін 2500 орындық әмбебап зал, ауқымды жиындар, форум және кездесулер өткізуге арналған соңғы үлгідегі 300 адамдық зал қарастырылады.

Спорттың шын мәніндегі дамуы тек кәсіби аренадағы жетістікпен өлшенбейді. Оның шынайы өлшемі – халықтың өмір белсенділігіне, салауатты өмір салтына бет бұруы. Бұл тұрғыдан алғанда да Сыр өңіріндегі көрсеткіш көңіл қуантады.

Сыр спортының дамуы аясындағы жүйелі жұмыстар мен жан-жақты қолдаудың нәтижесінде өңір спортшылары кейінгі жылдары толайым табысқа қол жеткізді. Атап айтқанда, Әлем және Азия чемпионаттарында жеті медаль жеңіп алып, оның бесеуін алтыңға, біреуін күміске, біреуін қолаға айналдырды. Ал ҚР чемпионаттары мен кубоктарында сыр-бойылық санлақтар 149 медаль еншіледі. Оның ішінде 54 алтын, 43 күміс және 52 қола жүлде бар. Сондай-ақ былтырғы жылдың қорытындысымен Қызылорда облысы үздік спорт өңірі атанды.

Сыр өңірі қашанда «нар тәуекел» деп, намысты қолдан бермеген жұрт. Бүгінгі спорт саласындағы серпіліс – сол қайсар рухтың заманауи көрінісі. Ертен осы залдар мен стадиондардан ел абыройын асқатқататын талай чемпионның шығары анық.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»



МӘДЕНИЕТ – ЕЛДІКТІҢ АЙНАСЫ

Қоғам дамуының басты сипатының бірі – мәдениет. Төл тарихымызбен астасып жатқан ұлттық мәдениетіміздің мәйегі Сыр топырағында саф күйінде сақталған десек, қателеспейміз.

Облыс бойынша 10 ұйымға біріктірілген 400-ден астам мәдениет, өнер және архив мекемесі қызмет көрсетіп келеді. Оның ішінде, мәдениет үйлері мен клубтарда 63 халықтық атағы бар өнер ұжымы жұмыс істейді. Жалпы бұл салада 4 мыңға жуық адам еңбек етеді.

Ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтап, тарихи-мәдени құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында аймақта 2024 жыл – «Руханият жылы» деп жарияланғаны белгілі. Атаулы жылда мәдениет және өнер саласын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, «Руханият жылы» аясында барлық 7 ауданда құны 11 млрд 500 млн теңгені құрайтын ішінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив қызметі бар, ардагерлер, аналар және жастар бас қосатын «Руханият» орталықтары пайдалануға берілді. Бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, колонор сияқты халықтық ерекшеліктер кенінен насихатталып, ескелең ұрпақтың бойына өмір тарихы мен ұлт руханияты сіңіруге қызмет көрсетіп келеді. Мұндағы нақты нәтиже, түрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелер бір орталыққа біріктіріліп, бюджет қаражатын үнемдеумен қатар, әкімшілік шығындар азайған.

Еліміздің барша аналарының құрметіне Алаштың анасы – Сырдың төрінде «Анаға тағзым» орталығы ашылды. Ақ жаулықты аналар тәрбиесімен жас ұрпақтың танымын кеңей-

туге бағытталған іргелі орталыққа көнеңің ізі мен бүгінгі жаңалықтарды біріктірген креативті бастамалар жүзеге асырылып отыр. Бұдан бөлек, жас отбасылардың некесін қнып, жаңа өмірге жолдама беретін, ал зейнет демалысына шыққандарға құрмет көрсетіп, куәлігін табыстайтын «Отбасы орталығы» да ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыруға лайықты қызмет көрсетіп келеді.

Қаланың көрнекті жерінен бой көтерген сәулетті гимнарат – мың орындық «Өнер орталығында» республикалық, халықаралық деңгейдегі салтанатты жиындар мен елімізге белгілі өнер жұлдыздарының концерттері өткізіліп, халыққа жоғары деңгейде қызмет көрсетуде.

Жалпы сала бойынша кейінгі үш жылда жаңадан 21 мәдениет нысаны бой көтерсе, бүгінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Арал ауданы Аманөткел ауылында 150 орындық клубтың құрылысы жүргізілуде.

Сала мамандарын лайықты қолдаудың бір көрінісі, облыстың мәдениет ұйымдарындағы 40 маман кейінгі 2 жылда Италия, Белоруссия елдерінен

қатар, Алматы, Астана қалаларында біліктілігін арттырды. Тағы бір айтулы жаңалық, 2023 жылдан бастап мәдениет, әдебиет, өнер өкілдеріне облыс әкімінің арнайы «Тұран» сыйлығы тағайындалып, осы кезге дейін 60 адам марапатталды. Сонымен қатар, мәдениет ұйымдарындағы өнер ұжымдарына 100 дөңбеге және шығармашылық үйірмелерге қобыз аспабы тарту етілді. 2024 жылы Тәуелсіздік күні құрметіне және «Руханият жылы» аясында мәдениет қызметкерлеріне 40 жаңа қызметтік пәтер берілді.

Сыр өңірі мәдениетін аймақтың бас қалаларында насихаттау мақсатында 2023 жылы елордамыз Астана қаласында, 2024 жылы Алматы қаласында Қызылорда облысының Өнер күндері ұйымдастырылды. Ал 2025 жылдың наурыз айында Сыр өнерпаздары Еуропаның Финляндия, Эстония, Испания елдерінің Хельсинки, Таллин, Мадрид қалаларында еліміздің салт-дәстүрлерін халықаралық деңгейде насихаттап, Өнер күндері өткізілді.

2025 жылы 20-21 қыркүйек күндері Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында Қызылорда облысының Өнер күндері өтті. Осы жылы Түркі мәдениеті мен руханиятының темірқазығына айналған Қорқыт мұрасын насихаттау мақсатында Түркітілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты дәстүрлі халықаралық музыкалық өнер фестивалі, сонымен бірге, Республика күніне және Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-не астана болғанына 100 жыл толуына орай облыс әкімінің қолдауымен Швейцарияның Женева, Берн қалаларында Сыр өнерпаздарының концерті өтті.

Жылдар аясындағы айтулы жаңалықтың бірі, өңірімізде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде 2023 жылы алтын киімді «Шірік Рабат сак жауынгері» алтын әшекейлі «Сығанақ ханшайымы», 2024 жылы алтын қылышты «Түгіснен көсемі» және «Жетіасар ақсүйек әйелі» мүсіндерінің тарихи реконструкциялары жасалып, ғылыми айналымға енгізілді. Сырдария өзенінің сол жағалауынан құны 2,3 млрд теңгені құрайтын заманауи үлгідегі облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты 2025 жылдың маусым айында пайдалануға берілді. Бүгінде музей қорында 70 мыңға жуық құнды экспонаттар мен артефактілер сақталуда. Айта кетейік, облыс бойынша 154 музей халыққа қызмет көрсетеді. Олардың жалпы қоры 166 064 экспонатты құрайды.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**



АРМАНЫМНЫҢ БАСТАУЫ ЕДІ

Өмір адамға түрлі бақ пен сынақты қатар ұсынып, жүрекке қуаныш пен сағыныштың ізін қатар қалдырады. Әр адамның ғұмырында жүрегінен ерекше орын алатын жандар болады. Бірі – тірегің, бірі – үмітің, бірі – жұмаққа бастар жолың. Менің өмірімде сондай ең қымбат екі адам болды – өмірлік жарым Жеңісбек және жалғыз ұлым Алтынбек. Қос асылым – тірегім де, демейім де, қуанышым да еді. Бүгін оларды өткен шақпен еске алу – жүрегімді тілімдейтін ең ауыр сәт. Бірақ олардың ғұмыры, мінезі, жан жылуы мені алға жетелеп тұрған шырағымдай. Сол себепті олардың есімін өшіруге емес, жүрекке мәңгілікке қалдыруға арналған осы естелікті жазуды өзіме борыш санадым.

Жеңісбекті алғаш көрген сәтім әлі күнге дейін көз алдыма. Ол кезде екеуіміз де студент едік. Алматының қоңыр салқын кештері, жатақхана алдындағы ұзын орындықтар, жас жүректің алып-ұшқан сезімі... Бәрі-бәрі көңіл түкпірінде әлі жаңғырып тұр. Мен қарапайым ауылдан арман қуып барған қыз болсам, ол Алматы миллион училищесінде білім алып жүрген байыпты, салмақты жігіт еді. Қасында жүрсен өзиді бірден қауіпсіз сезінетін, сөзге сараңдау болғанымен, айтқан сөзіне шындақ пен бекемдік сыйып тұратын жан.

Жеңісбек менен алты-жеті жас үлкен болатын. Бірақ ол айырмашылық бізге еш бөгет болған жоқ, қайта өмірдің талай тұсында мені тәжірибесімен, сабырлы көзқарасымен қолдап отырды. Оның тәрбиесі, адамгершілігі, еңбекқорлығы маған да күш беретін. Студент кезден басталған сол таныстық үлкен өмірге жалғасып, тағдыр екеуімізді бір шаңырақ астында табыстырды.

Алматыдан Қызылорда облысына, Теренөзекке келіп болып түскен күндерім әлі күнге дейін жүрегіме жылы тиеді. Қазақы салттың, үлкендердің батасының, жаңа өмірдің бастауында тұрған жас келінің толқынысы... Бәрі де ерекше кезең еді. Жеңісбек сол сәттердің бәрінде қасымнан табылып, әрбір қадамды жеңілдетіп, жаңа ортаға үйренуге көмектесті. Ол қай жерде жүрсен де, қызметте болсын, үйде болсын адал, таза, сабырлы күйіне ешқашан дақ түсірмеген жан.

МАИ инспекторы болып жұмыс істеген жылдары да ол әркез әділдікті ту етті. Өтірікке жаны қас болатын. Кібіртіктемей, жалтақтамай, қай жерде де ақиқатты айтатын. Теренөзекте, кейін Тасбөгетте қызмет атқарған жылдарында «Жеңісбек ешкімге зияны жоқ, бірақ әділдігінен таймайды» деген сөзді талай естідім. Сол мезгілден елдің де, ұжымның да құрметіне бөленді.

Жеңісбек сыйлы әке, қадірлі жар, немерелеріне бауырмал ата болды. Қатты сөйлемейтін, ашуға жеңілдірмейтін, бәрін сабырмен шешетін. Бізге деген қамқорлығы мен мейірімі жүрегіміңіз

бір түкпірінде әлі күнге сол қалпы сақтаулы.

Жеңісбек екеуіміздің Фарид мен Алтынбектей екі перзентіміз бар. Екеуін бөтәліп-жармай, тең көріп өсірдік. Бірақ үлкендік жолымен Фарид әрдайым інісіне қамқор болып жүрді. Алтынбек, қауыпсыз бал болып өсті. Көзінде бір ерекше мейірім, жүрегіңде өзгеге деген жылы ниет бар еді.

Алтынбек мектепте үздік оқыды. Әр нәрсеге жауапкершілікпен қарайтын. Мұғалімдердің сенімін ақтап, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Кейін Қызылордадағы Қорқыт ата атындағы университетке өз білімімен түсіп, сол жетістігімен атанасын ғана емес, ұстаздардың бірінде университет ректоры, академик Қылышбай Бисеновтің өзі Алтынбектің қолын алып: «Асанов, сен оқуға түстің» дегені – біздің отбасымыз үшін үлкен қуаныш, мерейлі сәттің бірі еді.

Университетте де Алтынбек өз биігін түсірген жоқ. Сабақты жақсы оқып, қоғамдық шаралардың бел ортасында жүрді. Ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының арқасында өзі қалаған мамандықтың нағыз маманы болып қалыптасты. Білімін жалғастырып, жан-жақты дамуға ұмтылды. Қарапайымдылығы мен адамгершілігі оны көпке сүйкімді етті.

Жұмысқа орналасқанда да Алтынбек өзін бірден көрсете білді. Мұнай саласында есепші, бухгалтер болып қызмет атқарып, талай жауапты жобаларға қатысты. Жұмысында тәртіп пен адалдықты бірінші орынға қойды. Кез келген есепті жетік білетін, әрбір құжатқа үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Әріптестері де оның білімін, тазалығын ерекше бағалайтын.

Бірақ өмірдің өз заңы бар. Жарық дүниенің өз өлшемі, әр жанның өз тағдыры болады екен. Қырыққа толар-толмас әлі талай арманын жүзеге асыра алатын шағында Алтынбекті ауыр кесел алып кетті. Неге бұлай болды, неге дәл бізге деген сурақтардан жүрек әлі де сырқайрады. Әлі күнге дейін оның есік ашып кіріп келердей бейнесі көз алдымнан кетпейді.

Алтынбектің өмірден өткеніне он жылға жуықтаса да, оның әр сөзі, әр күлкісі, әр қылығы көңіл түкпірінде сақтаулы. Әр туған күнінде, әр есте қалар мерекеледе жүрегім бір сәт сыр беріп, сағыныштан шымырлайды. Жас емес, өкініш емес – бұл ана жүрегінің өлмейтін сағынышы.

Тағдырдың басқа салған тағы бір сынағы – Жеңісбектің дүниеден өтуі болды. Алтынбектің қайғысынан арыла алмай жүріп, жарымнан айырылғанда жанымның бір бөлігі бірге кеткендей болды. Жеңісбектің қайтқанына жылдан аса бастаса да, оның да бейнесі әлі жанымда жүргендей. Әр таң атқанда оның баяғыдай асықпай жүрісін, жай сөйлеген үнін естігім келеді. Үйдің бір бұрышында отырғандай, балалардың есімін атағандай сезінетін сәттерім көп.

Ол екеуі кеткеннен бері үйдің де, өмірдің де бояуы солыңқырап қалғандай. Бірақ мен оларды жоқтап, қайғыға батқан жан емес, керісінше оларды құрметтеп, рухын жоғары ұстайтын ана болуға тырысамын. Өйткені олар өмірде тек жақсылық қалдырды, мейірім қалдырды, адалдық қалдырды. Сол мұра маған да, немерелеріне де үлгі болып қалуы тиіс.

Жеңісбек пен Алтынбекті еске алған сайын, адам өмірінің мәні біреуге қанша дүние қалдырады емес, жүрекке қаншалық орын қалдырады екенін түсінемін. Олар маған ең қымбат сыйларын қалдырып кетті. Жақсы жардың мейірімін, жақсы ұлдың үмітін, жақсы жеңіңіз тәртібін, жақсы азаматтың ізін қалдырды. Кей күндері өзіме-өзім: «Неге дәл мен?» деп сурақ қоямын. Кей сәттерде: «Олар неге ұзақ ғұмыр сүрмеді?» деп күрсенемін. Бірақ уақыт өте келе бір нәрсені ұқтым – адам өмірінің ұзақтығы емес, мәңгілігі маңызды. Ал менің екі асылым да ғұмырын мағнамен, адалдықпен, мейіріммен өткізді. Солардың өмірінен күш алып, мен де алға жылжып келемін. Өйткені ізін жалғар Ақылбек, Әділбек, Мадияр есімді үш ұл мен Аянадай қызғалдағымыз бар. Мен олардың сүйікті әжесі болуға әрі үнемі қолдап жүруге тырысамын.

Жеңісбек – менің жарым ғана емес, тірегім, жан досым, ақылшы серігім еді. Ол өмірдің қандай қиын сәтінде де қасымнан табылып, мені ешқашан жалғыз қалдырмады. Ал Алтынбек – кең дүниеге сыймай кеткен жалғыз ұлым. Ол менің ертеңім, үмітім, арманым еді. Олардың екеуі де маған өмірдің ең қымбат сыйы болды.

Бүгінде олар жоқ болса да, маған қалдырған мұралары – мейірім, адалдық, еңбекқорлық, адамшылық – ұрпақтарына, туған-туыстарына, таныған адамға жол көрсетіп тұрғандай. Мен оларды есте сақтаумен ғана емес, солар сияқты адал өмір сүріп, атын құрметтеумен ғана жұбанушы табармын.

Жандар жәннатта болсын деп тілейтін әрбір дүғамда мен олармен сөйлескенді боламын. Өмірдің әр белесінде олардың өнегесін еске алып, жүрегіме басамын. Өйткені адам осы өмірден өтсе де, жақсы аты, жақсы ісі, жақсы мінезі өзімен бірге кетпейді. Олар жүрекке сіңіп, кейінгі ұрпаққа қалады.

Мен үшін Жеңісбек пен Алтынбек – уақыттың емес, мәңгіліктің адамдары. Олардың есімі өшпейді, көмескіленбейді, өйткені олар менің ғана емес, немерелерімнің жүрегіңде өмір сүріп келеді. Бүгінгі менің әр тынысым, әр дұғам – соларға деген шексіз сағыныштың жемісі. Олар арманымын бастаушы еді, бірақ соны емес. Өйткені із жалғар, ұрпақ өрбітер немерелерді өсіріп-жетілдіру міндеті тұр.

Несінкүл АХМЕТОВА

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ: «QazaqGaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы алғыс иеленді

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы қантарда Сыр бойын дүбірге бөлеген Ұлттық құрылтай отырысының жоғары деңгейде өтуіне белсене атсалысты. Осылайша 2 күн үздіксіз қызмет атқарған 10 газ маманы облыс әкімінің Алғыс хатына ие болды.

Жауапты шара барысында қалыпты тіршіліктің арнасынан ауытқымауын назарда ұстаған олар өзге коммуналдық ұйымдардағы еңбек адамдары қатарында марапатталды.

«Жалпы, «QazaqGaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы, 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымын табысты аяқтап, жоспарланған жұмысты толық көлемде, кейбірін алдын ала белгіленген кестеден бұрын орындады» дейді филиал директоры Нұрлан Шаухаманов.

Қазіргі уақытта Қызылорда облысы бойынша газдандырылған абоненттердің жалпы саны 167 236-ны құраса, оның ішінде тұрғындар, яғни жеке тұрғындар саны – 162 753, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар – 4233, ал өнеркәсіптік кәсіпорындар 250 болып отыр.

Қысқа дайындық шеңберінде 58 дана газ реттеу пунктінде (ГРП) және 350 дана шафтық реттеу пунктінде

(ШРП) ағымдағы жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар, ажырату құрылғыларына техникалық қызмет көрсетіліп, газ тарату желілерінде диагностикалық жұмыстар атқарылды.

«Пергам» жылжымалы зерханасын пайдалану арқылы 2 528 км газ тарату желілеріне диагностика жасалды. Заманауи жабдықтарды қолдану ықтимал қауіпті учаскелерді уақытты анықтауға және апаттық жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік берді.

2025 жылғы қазан айынан 2026 жылғы сәуір айына дейінгі жылу беру маусымы кезінде Қызылорда өндірістік филиалының апатты-диспетчерлік қызметіне 1817 өтінім түссе, олардың барлығы уақытты және жедел түрде өңделді. Тұрғындар филиал қызметкерлерінің кәсіби жұмысына өз алғысын білдірді.

Айрықша атап өтер жайт, Арал ауданында Шижаға, Шиелі ауданында Ортақшыл, Жансейіт, 21-бекет, Қазалы ауданында Ақтан батыр, сондай-ақ Қызылорда қаласына қарасты Баймұрат батыр, Тадыарал, Төрттам, Сабабал елді мекендері газ желісіне қосылды. Нәтижесінде 12 мыңнан астам тұрғынға «көгілдір отынға» қол жеткізуге мүмкіндік туды. Бұдан тыс, жылу беру кезінде Қызылорда өндірістік филиалының газ тарату жұмысіне 4 200 жаңа тұтынушы қосылып, өңірдегі газбен қамту деңгейі одан әрі артты.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Ганиев Шерали Алымұлы (лицензия №0000100 21.06.2005 ж.) 2025 жылдың 28 желтоқсанында қайтыс болған азаматша Павлова Татьяна Ивановнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі №83, тел.: 8 701 779 44 44.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялындар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.